№2(27)2026

ғылыми-әдістемелік журналы
научно-методический журнал

Ұнабат



БАЛАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ МЕН МҮДДЕСІ ҮШІН
ВО ИМЯ, ВО БЛАГО И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



ҚЫМБАТТЫ ДОС!
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде** **BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**



ДОРОГОЙ ДРУГ!
ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!

ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ, СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!

ПРОСТО ПОЗВОНИ ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172) 74 25 28

ЕҢ ҚИЫНЫ - ҚОҢЫРАУ ШАЛУ
САМОЕ ТРУДНОЕ - ПОЗВОНИТЬ



BALAQORGAU

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!

Жаңа жылдың алғашқы айы артта қалып, біз ақпан айына қадам бастық. Бұл айда әрқайсымыз өз өмірімізді жақсарту, денсаулығымызды күту, кәсіби және шығармашылық әлеуетімізді дамыту жолында жаңа мүмкіндіктер іздейміз.

Ақпан айы – жауапкершілік пен табандылықтың айы.

Қаңтар айында біз жаңа жылды қарсы алып, үміт пен тілектерімізді қағазға түсірдік. Енді ақпан айы сол тілектерді жүзеге асыруға алғашқы қадамдар жасайтын уақыт. Бұл айда әрбір адам өзіне сұрақ қояды: менің мақсатым қандай, мен неге қол жеткізгім келеді, менің өмірімде қандай өзгерістер болуы тиіс? Ақпан – осы сұрақтарға жауап іздейтін, ой елегінен өткізетін, шешім қабылдайтын ай.

Біздің қоғамда ең басты құндылық – адам. Адам үшін ең қымбат байлық – оның перзенті. Балалар – болашағымыздың кепілі, еліміздің ертеңі. Сондықтан ақпан айында біз тек өзіміздің жоспарларымызды ғана емес, балалардың құқықтарын, олардың өмірін жақсарту жолдарын да ойлауымыз керек.

Әр бала білім алуға, қауіпсіз ортада өмір сүруге, сүйіспеншілік пен қамқорлыққа құқылы. Бұл құқықтарды қорғау – мемлекет пен қоғамның ғана емес, әрбір ата-ананың, әрбір азаматтың міндеті.

Баланың құқықтарын қорғау – тек заң жүзіндегі міндет емес, ол адамзаттың өркениеттік деңгейін көрсететін өлшем. Қазақстан Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын қабылдаған мемлекеттердің бірі. Бұл құжатта әрбір баланың өмір сүру, даму, білім алу, зорлық-зомбылықтан қорғану сияқты негізгі құқықтары бекітілген. Біз осы құқықтарды сақтағанда ғана балаларымыздың болашағы жарқын болады.

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Первый месяц нового года остался позади, и мы вступили в февраль. В этом месяце каждый из нас ищет новые возможности для улучшения своей жизни, заботы о здоровье, развития профессионального и творческого потенциала.

Февраль – месяц ответственности и настойчивости.

В январе мы встретили Новый год, записали свои надежды и пожелания на бумаге. И вот уже наступил февраль – время сделать первые шаги к их реализации.

В этом месяце каждый человек задает себе вопросы: какова моя цель, чего я хочу достичь, какие изменения должны произойти в моей жизни? Февраль – это месяц поиска ответов на эти вопросы, размышлений и принятия решений.

В нашем обществе главная ценность – человек. А самое дорогое для человека – его ребенок. Дети – залог нашего будущего, завтрашний день страны. Поэтому в феврале мы должны думать не только о собственных планах, но и о правах детей, о путях улучшения их жизни. Каждый ребенок имеет право на образование, на безопасную среду, на любовь и заботу. Защита этих прав – обязанность не только государства и общества, но и каждого родителя, каждого гражданина.

Защита прав ребенка – это не просто юридическая обязанность, это показатель уровня цивилизованности человечества. Казахстан – одна из стран, принявших Конвенцию ООН о правах ребенка. В этом документе закреплены основные права каждого ребенка: право на жизнь, развитие, образование, защиту от насилия. Только соблюдая эти права, мы можем обеспечить нашим детям светлое будущее.

Ақпан айы – балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударуға қолайлы кезең. Өйткені бұл айда біз жаңа жылға қойған мақсаттарымызды нақтылап, оларды жүзеге асыруға алғашқы қадамдар жасаймыз. Егер біз балалардың құқықтарын қорғауды басты мақсаттарымыздың бірі ретінде қойсақ, қоғамның дамуына үлкен үлес қосамыз.

Журналымыздың әр бетінде сіздерге жаңа ой, жаңа идея, жаңа шабыт сыйлауды мақсат етеміз. Біз сізді жеке дамуға, кәсіби өсуге, балалардың құқықтарын қорғауға және қоғамға пайдалы істерге шақырамыз. Әр мақаламыз сіздің өміріңізді жақсартуға, ойыңызды кеңейтуге, жаңа мүмкіндіктерді көруге көмектеседі.

Ақпан айы – табандылық пен еңбекқорлықтың айы. Бұл айда біз өзімізге сеніп, мақсатымызға жету үшін нақты қадамдар жасауымыз керек. Өміріміздің жақсарту үшін кішкентай болса да күнделікті әрекеттеріміздің маңызы зор.

Әрбір жақсы іс – үлкен өзгерістердің бастауы.

Балалардың құқықтарын қорғау жолында да осындай кішкентай қадамдар маңызды. Мысалы, ***балаға жылы сөз айту, оны тыңдау, оның пікірін құрметтеу – үлкен өзгерістерге бастайтын әрекет. Әрбір ата-ана өз баласына сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетсе, әрбір мұғалім оқушысына сенім артса, әрбір азамат балалардың құқықтарын қорғауға үлес қосса – қоғамымыздың болашағы жарқын болады.***

Ақпан айы сізге сенім, табандылық және жаңа жетістіктер әкелсін. Әр күн – жаңа мүмкіндік, жаңа бастама. Онда бәріміз бірге әр күнімізді мазмұнды, мәнді және жарқын етейік.

Жаңа айда әрқайсымыз өз өміріміздің жақсартуға, балаларымыздың болашағын қорғауға, қоғамды дамытуға үлес қосайық. Өйткені әрбір жақсы іс – болашаққа жасалған инвестиция.

Достар, ақпан айы бақыт әкелсін!

Февраль – благоприятный период для особого внимания к вопросам защиты прав детей. Ведь именно в этом месяце мы уточняем цели, поставленные на Новый год, и делаем первые шаги к их реализации. Если мы поставим защиту прав детей в число главных целей, то внесем огромный вклад в развитие нашего общества.

Каждая страница нашего журнала призвана дарить вам новые мысли, новые идеи, новое вдохновение. Мы приглашаем вас к личностному развитию, профессиональному росту, защите прав детей и полезным делам для общества. Каждая наша статья поможет вам улучшить жизнь, расширить кругозор, увидеть новые возможности.

Февраль – месяц настойчивости и трудолюбия. В этом месяце мы должны верить в себя и предпринимать конкретные шаги для достижения целей. Для улучшения жизни важны даже самые маленькие ежедневные действия.

Каждое доброе дело – начало больших перемен.

В защите прав детей такие маленькие шаги тоже имеют значение. Например, ***сказать ребенку теплое слово, выслушать его, уважать его мнение – это действия, ведущие к большим изменениям. Если каждый родитель проявит любовь и заботу к своему ребенку, каждый учитель будет верить в своего ученика, каждый гражданин внесет вклад в защиту прав детей – будущее нашего общества будет светлым.***

Пусть февраль принесет вам уверенность, настойчивость и новые достижения. Каждый день – новая возможность, новое начало. Давайте вместе сделаем его содержательным, значимым и ярким.

В новом месяце каждый из нас пусть стремится улучшить свою жизнь, защитить будущее наших детей, внести вклад в развитие общества. Ведь каждое доброе дело – это инвестиция в будущее.

Счастливого вам февраля, друзья!

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ОҚЫРМАНДАРҒА
К ЧИТАТЕЛЯМ **4**

КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ ТЕМЫ ДНЯ

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІСІ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ
НОВАЯ ЭПОХА ОБРАЗОВАНИЯ
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ **9**



ЖАҺАНДЫҚ СЕРІКТЕСТІК
ҚАЗАҚСТАН OPENAI EDU FOR COUNTRIES ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАСЫНА ҚОСЫЛДЫ
МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО
КАЗАХСТАН ПРИСОЕДИНИЛСЯ К МЕЖДУНАРОДНОЙ ИНИЦИАТИВЕ OPENAI EDU FOR COUNTRIES **11**



ҰСТАЗДЫҢ РӨЛІ – БАЛАҒА ҮЛКЕН ӨМІР ЕСІГІН АШУ
МЕКТЕП КАБИНЕТІНЕН ТОП-50 ҮЗДІККЕ - GLOBAL TEACHER PRIZE
РОЛЬ ПЕДАГОГА – ОТКРЫВАТЬ ДЕТЯМ ДВЕРИ В ЖИЗНЬ
ИЗ ШКОЛЬНОГО КАБИНЕТА В ТОП-50 ЛУЧШИХ – GLOBAL TEACHER PRIZE **14**



ПЕДАГОГТЕРГЕ ПЕДАГОГАМ

А. Ғ. Бейсембаева
КУӘГЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ
МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ РӨЛІ
СОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ СВИДЕТЕЛЕЙ
РОЛЬ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ В СИТУАЦИИ ШКОЛЬНОГО БУЛЛИНГА **23**



А. Н. Панова
ЖҮРЕКТІҢ ҚАЛАУЫН, АҚЫЛДАН СҰРАУ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ
СПРОСИТЬ РАЗУМ, О ЧЕМ ДУМАЕТ СЕРДЦЕ
РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ОБУЧАЮЩИХСЯ КАК СПОСОБ ПРОФИЛАКТИКИ НАСИЛИЯ **32**



А. Ш. Абильжанова
БАҚЫТТЫ БАЛАЛАРСЫЗ – БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ ЖОҚ
НЕТ СЧАСТЛИВОЙ СЕМЬИ БЕЗ СЧАСТЛИВЫХ ДЕТЕЙ
38



АТА-АНАЛАРҒА РОДИТЕЛЯМ

АТА-АНА БОЛУ: АБЫРОЙ, ПАРЫЗ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК
ПОЗИТИВТІ АТА-АНА БОЛУ: НЕНІ БІЛУ КЕРЕК, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?
БЫТЬ РОДИТЕЛЕМ: ЧЕСТЬ, ДОЛГ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ
ПОЗИТИВНОЕ РОДИТЕЛЬСТВО: ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ, И ЧТО ДЕЛАТЬ?
45



ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ҚАҒИДАЛАРЫ
БАЛА 10 ЖАСҚА ДЕЙІН МЕҢГЕРУІ ТИІС 10 ҚАҒИДА
ЗОЛОТЫЕ ПРАВИЛА ВОСПИТАНИЯ
10 ПРАВИЛ, КОТОРЫЕ РЕБЕНОК ДОЛЖЕН ОСВОИТЬ ДО 10 ЛЕТ
56




БАЛАЛАРҒА ДЕТЯМ

М. М. Мухаммедова
МАҒАН НЕ ОҚИТЫНЫҢДЫ АЙТ, МЕН СЕНІҢ КІМ ЕКЕНІҢДІ АЙТАМЫН ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР КІТАПХАНАСЫ: ОҚЫРМАНҒА ЖАҚЫН МӘДЕНИ ОРТА
СКАЖИ, ЧТО ТЫ ЧИТАЕШЬ, И Я СКАЖУ, КТО ТЫ
КАЗАХСТАНСКАЯ БИБЛИОТЕКА ПИСАТЕЛЕЙ: КУЛЬТУРНАЯ СРЕДА, БЛИЗКАЯ ЧИТАТЕЛЮ
75



ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІН ҰСЫНАМЫЗ
КАЗАХСКАЯ АНИМАЦИЯ: НОВАЯ ВОЛНА КАЗАХСКИЕ МУЛЬТФИЛЬМЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ
82



ПСИХОЛОГТІҢ КЕҢЕСІ СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА


С. Е. Башкаева
БАЛАЛАРҒА
НЕЙРОГРАФИКА
ДЕТЯМ
НЕЙРОГРАФИКА
89



АТА-АНАЛАРҒА
Т. ЭЛЕРСТІҢ «ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ МОТИВАЦИЯСЫ» САУАЛНАМАСЫ
РОДИТЕЛЯМ
ОПРОСНИК «МОТИВАЦИЯ К УСПЕХУ» Т. ЭЛЕРСА
92



ПЕДАГОГТЕРГЕ
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АКЦЕНТУАЦИЯСЫ
ПЕДАГОГАМ
АКЦЕНТУАЦИЯ ХАРАКТЕРА
95



КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ

ТЕМЫ ДНЯ



ЖАҢА ДӘУІРДІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІСІ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ

Қазақстан мектептерінде жасанды интеллектіні оқу процесіне енгізу бағытындағы жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Бұл бастаманың алдыңғы қатарында тұрған «Келешек мектептері» жобасы білім беру жүйесін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған. Астана қаласындағы №107, №101, №99 және №104 мектептерінде пилоттық жоба ретінде жүзеге асып жатқан тәжірибе мұғалімдердің күнделікті жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың білім алу тәсілін де өзгертуде.

Мұғалімдерге арналған цифрлық көмекшілер. Жоба аясында педагогтер отандық жасанды интеллект құралдарын: Roqed AI, Kashgari, Stem-solutions және Kahoot платформаларын қолдануда. Бұл жүйелер сабақтарды интерактивті етуге, оқу материалын бейімдеуге және оқушылардың білімін жедел бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, RobotAI мұғалімдерге тест нәтижелерін автоматты түрде саралап, уақытты үнемдеуге көмектеседі. Ал Google Past жүйесі оқушылардың тапсырмаларды өз бетімен орындағанын немесе жасанды интеллектіні пайдаланғанын анықтап, академиялық адалдықты қамтамасыз етеді.

Сабақтағы жаңа формат. Астана қаласының №107 мектеп директорының орынбасары Бекманат Жаңабергеннің айтуынша, жасанды интеллект сабақтарды көрнекі әрі тартымды етіп өткізуге жол ашқан.

НОВАЯ ЭПОХА ОБРАЗОВАНИЯ

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

В школах Казахстана активно ведется работа по внедрению искусственного интеллекта (ИИ) в учебный процесс. Во главе этой инициативы стоит проект «Школы будущего», направленный на кардинальную модернизацию системы образования. В качестве пилотного проекта опыт реализуется в школах №107, №101, №99 и №104 г. Астаны. Он не только облегчает ежедневную работу учителей, но и меняет способы получения знаний учащимися.

Цифровые помощники для учителей. В рамках проекта педагоги используют отечественные инструменты ИИ: Roqed AI, Kashgari, Stem-solutions и платформу Kahoot. Эти системы позволяют сделать уроки интерактивными, адаптировать учебный материал и оперативно оценивать знания учеников. Кроме того, RobotAI помогает учителям автоматически анализировать результаты тестов и экономить время. А система Google Past выявляет, выполняли ли учащиеся задания самостоятельно или с помощью ИИ, обеспечивая академическую честность.

Новый формат уроков. По словам заместителя директора столичной школы №107 Бекманата Жанабергена, ИИ открыл возможности для проведения наглядных и увлекательных уроков.

«Жасанды интеллект сабақтарды көрнекі және интерактивті ете отырып, әр оқушының қажеттіліктерін ескере отырып өткізуге мүмкіндік берді. Соның арқасында мұғалімдер оқушымен көбірек жұмыс жасауға көңіл бөле алады».

Оқушыларға арналған жаңа мазмұн. Пилоттық мектептерде «Цифрлық сауаттылық» пен «Информатика» пәндерінің мазмұнына жасанды интеллект тақырыптары енгізілді. Бастауыш сыныптарда қарапайым ұғымдар ойын арқылы түсіндірілсе, жоғары сыныптарда чат-бот құрастыру, деректерді талдау және этикалық мәселелерді шешу секілді жобалық тапсырмалар қарастырылған. Бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлауын дамытып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және технологияны жауапты түрде пайдалануға үйретеді.

Жобаның маңызы. Бұл тәжірибе оқушылардың сыни ойлауын дамытып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және технологияны жауапты түрде пайдалануға бағытталған. «Келешек мектептері» жобасы жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізудің алғашқы қадамдарын көрсетіп, болашақ мектептердің бейнесін айқындап отыр.

«Жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу – тек оқыту әдістерін жаңғырту ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақтың технологиялық ортаға бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды қадам. Мұндай құралдар оқушылардың жеке қабілеттерін ескеріп, оқу процесін дербестендіруге мүмкіндік береді. Әрбір оқушы өз қарқынымен білім алып, мұғалімдер шығармашылыққа, сыни ойлауға және тұлғалық дамуға көбірек көңіл бөле алады.

Сонымен бірге, жасанды интеллектіні мектептерде дамыту Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік деңгейдегі үрдістермен үндестіреді. Бұл тәжірибе оқушыларды жаңа технологияларды жауапты түрде қолдануға үйретіп, болашақ мамандықтарға дайындықты күшейтеді.

Жасанды интеллектіні тиімді пайдалану – елдің адами капиталын нығайтып, инновациялық қоғам құруға жол ашатын стратегиялық бағыт.

«Искусственный интеллект сделал уроки более наглядными и интерактивными, учитывая потребности каждого ученика. Благодаря этому учителя могут уделять больше внимания работе с детьми».

Новое содержание для учеников. В пилотных школах в содержание предметов «Цифровая грамотность» и «Информатика» включены темы по ИИ. В начальных классах простые понятия объясняются через игру, а в старших – рассматриваются проектные задания: создание чат-ботов, анализ данных и решение этических вопросов. Такой подход развивает критическое мышление, формирует информационную культуру и учит ответственному использованию технологий.

Значение проекта. Проект «Школы будущего» направлен на развитие критического мышления учащихся, формирование информационной культуры и ответственное использование технологий. Он демонстрирует первые шаги по внедрению ИИ в систему образования и очерчивает образ школы будущего.

Внедрение ИИ в систему образования – это не только обновление методов обучения, но и важный шаг в обеспечении адаптации будущего поколения к технологической среде. Такие инструменты учитывают индивидуальные способности учеников и позволяют персонализировать учебный процесс. Каждый ребенок получает знания в своем темпе, а учителя уделяют больше внимания творчеству, критическому мышлению и личностному развитию.

Развитие ИИ в школах согласует систему образования Казахстана с мировыми тенденциями. Этот опыт учит школьников ответственному использованию новых технологий и усиливает подготовку к будущим профессиям.

Эффективное применение ИИ укрепляет человеческий капитал страны и открывает путь к созданию инновационного общества.

HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/EDU/PRESS/NEWS/DETAILS/1147357?LANG=KK



ЖАҺАНДЫҚ СЕРІКТЕСТІК

ҚАЗАҚСТАН OPENAI EDU FOR COUNTRIES ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАСЫНА ҚОСЫЛДЫ

OpenAI компаниясы Edu for Countries атты жаңа жаһандық бағдарламаның алғашқы халықаралық тобын іске қосқанын жариялады. Бұл топқа Эстония, Сингапур, Біріккен Араб Әмірліктері, Иордания, Грекия және Қазақстан кірді. Осылайша Қазақстан Орталық Азиядан аталмыш бастамаға қосылған алғашқы мемлекет атанды.

ChatGPT Edu – білім беру жүйесіне жаңа серпін. Қазақстанның бағдарламаға қатысуы жасанды интеллектінің білім беру саласына арналған арнайы нұсқасы – *ChatGPT Edu-ды ұлттық білім беру жүйесіне енгізудің басталғанын білдіреді.*

Бұл шешім елдің білім беру саясаты үшін стратегиялық маңызға ие. Әлемдік пікірталастарда Қазақстан ЖИ-ді мұғалімнің орнын басатын емес, *оның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтетін құрал ретінде қарастырады.* **ChatGPT Edu педагогтердің әкімшілік және әдістемелік жүктемесін азайтып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған.**

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

КАЗАХСТАН ПРИСОЕДИНИЛСЯ К МЕЖДУНАРОДНОЙ ИНИЦИАТИВЕ OPENAI EDU FOR COUNTRIES

Компания OpenAI объявила о запуске первой международной группы новой глобальной Программы Edu for Countries. В эту группу вошли Эстония, Сингапур, Объединенные Арабские Эмираты, Иордания, Греция и Казахстан. Таким образом, Казахстан стал первой страной Центральной Азии, присоединившейся к данной инициативе.

ChatGPT Edu – новый импульс для системы образования. Участие Казахстана в программе означает начало внедрения специальной версии искусственного интеллекта для сферы образования – *ChatGPT Edu – в национальную систему образования.*

Это решение имеет стратегическое значение для образовательной политики страны. В мировых дискуссиях Казахстан рассматривает ИИ не как замену учителя, а *как инструмент расширения его профессиональных возможностей.* **ChatGPT Edu направлен на снижение административной и методической нагрузки педагогов и повышение качества обучения.**



Ынтымақтастық негіздері. Жоба 2025 жылғы 6 қарашада Қазақстан Президентінің АҚШ-қа сапары барысында қол қойылған меморандум аясында іске асырылуда. Негізгі келісім OpenAI, Freedom Holding Corp және өңірлік серіктес Bilim Group арасында жасалды. Айта кетсек, жоба мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайды, ол жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады. Бұл бизнес қауымдастықтың білім беру саласына көрсетіп отырған қолдауын айқындайды.

Қазақстанда ChatGPT Edu-ды енгізу білім беру жүйесіне айтарлықтай серпін береді. ***Ең алдымен, педагогтердің әкімшілік және әдістемелік жүктемесін азайтуға мүмкіндік туады.*** ЖИ құралдары арқылы тапсырмалар мен оқу материалдарын дайындау жылдам әрі тиімді жүзеге асады, бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оны оқушылармен тікелей жұмысқа арнауға жағдай жасайды.

Екіншіден, ChatGPT Edu оқу сапасын арттыруға ықпал етеді. Жүйе әрбір білім алушының деңгейіне сәйкес контентті бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл сараланған оқытуды дамытуға, яғни дайындық деңгейі әртүрлі оқушыларға жеке тәсіл қолдануға жол ашады. Нәтижесінде білім беру жүйесі барынша әділ әрі қолжетімді бола түседі.

Үшіншіден, жасанды интеллект көптілді ортада тиімді құралға айналады. ChatGPT Edu қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқу материалдарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, халықаралық білім кеңістігіне бейімделуіне және көптілді білім беру саясатын қолдауға септігін тигізеді.

Төртіншіден, ЖИ-ді қолдану зерттеу қызметін жеделдетіп, кері байланыс сапасын жақсартады. Оқытушылар бағалау критерийлерін қалыптастыруда, оқу материалдарын дайындауда және жаңа идеяларды іздеуде ChatGPT Edu-ды тиімді пайдалана алады.

Бұл Қазақстанда бәсекеге қабілетті, цифрлық сауатты академиялық ортаны қалыптастыруға және адами әлеуетті дамытуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Основы сотрудничества. Проект реализуется в рамках меморандума, подписанного 6 ноября 2025 г. во время визита Президента Казахстана в США. Основное соглашение заключено между OpenAI, Freedom Holding Corp и региональным партнером Bilim Group. Особо отмечается, что проект не финансируется из государственного бюджета, а осуществляется за счет частных средств. Это подчеркивает поддержку бизнес-сообщества в сфере образования.

Внедрение ChatGPT Edu в Казахстане даст значительный импульс системе образования. ***Прежде всего это позволит снизить административную и методическую нагрузку педагогов.*** С помощью инструментов ИИ подготовка заданий и учебных материалов осуществляется быстрее и эффективнее, что экономит время учителей и позволяет им больше работать напрямую с учениками.

Во-вторых, ChatGPT Edu способствует повышению качества обучения. Система адаптирует контент в соответствии с уровнем каждого учащегося. Это открывает путь к развитию дифференцированного обучения, т. е. индивидуального подхода к ученикам с разным уровнем подготовки. В результате образовательный процесс становится более справедливым и доступным.

В-третьих, искусственный интеллект становится эффективным инструментом в многоязычной среде. ChatGPT Edu позволяет готовить учебные материалы на казахском, русском и английском языках. Это способствует развитию языковых навыков учащихся, их адаптации к международному образовательному пространству и поддержке политики многоязычного образования.

В-четвертых, использование ИИ ускоряет исследовательскую деятельность и улучшает качество обратной связи. Преподаватели могут эффективно применять ChatGPT Edu при формировании критериев оценки, подготовке учебных материалов и поиске новых идей. Это важный шаг к формированию в Казахстане конкурентоспособной, технологически грамотной академической среды и развитию человеческого потенциала.



Қазақстан үшін ЖИ-дің белсенді емес тұтынушыларына қарағанда, саналы, сыни және жасампаз түрде әрекеттесе алатын ұрпақты тәрбиелеу ерекше маңызды. *«Біздің мақсатымыз – адами әлеуетті дамыту және болашақтың сын-қатерлеріне дайын білім беру ортасын қалыптастыру»,* – деп атап өтті Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі *Ж. Сүлейменова.*

2026 жылғы қаңтардан бастап OpenAI мамандарымен бірлесіп тұрақты оқыту бағдарламасы іске қосылады. Бұл педагогтердің цифрлық және ЖИ-сауаттылығын арттырып, ЖИ-ді қолдануда бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарына ақпараттық қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау талаптарына сай арнайы жұмыс кеңістігі ұсынылады.

Қазақстанның OpenAI Edu for Countries бастамасына қосылуы – білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық қадам. ЖИ педагогтердің мүмкіндіктерін кеңейтіп, оқыту сапасын арттыруға бағытталған. Бұл елде бәсекеге қабілетті, AI-сауатты академиялық ортаны қалыптастыруға жол ашады.

Для Казахстана особенно важно воспитывать поколение, которое будет не пассивными потребителями ИИ, а сможет взаимодействовать с ним осознанно, критически и творчески. *«Наша цель — развитие человеческого потенциала и формирование образовательной среды, готовой к вызовам будущего»,* – отметила министр просвещения Республики Казахстан *Ж. Сулейменова.*

С января 2026 г. совместно со специалистами OpenAI запускается постоянная программа обучения. Она повысит цифровую и AI-грамотность педагогов и обеспечит единые подходы к использованию ИИ. Кроме того, образовательным организациям будет предложено специальное рабочее пространство, соответствующее требованиям информационной безопасности и защиты персональных данных.

Присоединение Казахстана к инициативе OpenAI Edu for Countries – стратегический шаг, выводящий систему образования на новый уровень. ИИ расширяет возможности педагогов и направлен на повышение качества обучения. Это открывает путь к формированию в стране конкурентоспособной, AI-грамотной академической среды.

HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/EDU/PRESS/NEWS/DETAILS/1145424?LANG=KK



Авторлық құқық \ авторство: DFID - UK Department for International Development. Connecting Classrooms - 2019 Global Teacher Prize Peter Tabichi., CC BY 2.0, https://commons.wikimedia.org/w/index.php?curid=84649617

ҰСТАЗДЫҢ РӨЛІ – БАЛАҒА ҮЛКЕН ӨМІР ЕСІГІН АШУ

МЕКТЕП КАБИНЕТІНЕН ТОП-50 ҮЗДІККЕ - GLOBAL TEACHER PRIZE

2026 жылғы 27 қаңтарда Алматы қаласы әкімдігі қуанышты хабармен бөлісті – ***№95 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Татьяна Геннадьевна Белоусова*** 2025–2026 жылғы әлемнің үздік 50 педагогінің қатарына енді.

Алматылық мектеп үшін – тарихи оқиға, қала үшін – мақтаныш, ал мыңдаған оқушы мен мұғалім үшін – үлкен педагогика қарапайым сыныптан да бастау алатынының дәлелі.

РОЛЬ ПЕДАГОГА – ОТКРЫВАТЬ ДЕТЯМ ДВЕРИ В ЖИЗНЬ

ИЗ ШКОЛЬНОГО КАБИНЕТА В ТОП-50 ЛУЧШИХ – GLOBAL TEACHER PRIZE

27 января 2026 г. акимат Алматы поделился радостной новостью – ***учитель химии школы-лицея №95 Татьяна Геннадьевна Белоусова*** вошла в топ-50 лучших педагогов мира 2025–2026.

Для алматинской школы событие историческое, для города – повод для гордости, а для тысяч учеников и учителей – доказательство того, что большая педагогика может рождаться в обычном школьном кабинете.

Global Teacher Prize **– мұғалімдерге арналған жыл сайынғы халықаралық сыйлық. Оны Sunny Varkey негізін қалаған Varkey Foundation қайырымдылық ұйымы тағайындаған. Мақсаты – кәсібіне, шәкірттерінің өміріне және қоғамға айрықша үлес қосқан үздік педагогтерді мойындау. Бұл сыйлық білім беру саласындағы ең беделді марапаттардың бірі саналады және жиі «мұғалімдерге арналған Нобель сыйлығы» деп аталады. Жеңімпазға 1 миллион АҚШ доллары табысталады.**

Global Teacher Prize **– это ежегодная международная премия для учителей, учрежденная благотворительной организацией Varkey Foundation (основана Sunny Varkey) для признания выдающихся педагогов, которые внесли значительный вклад в профессию и жизнь своих учащихся и сообществ. Премия считается одной из самых престижных в области образования и часто называется «Нобелевской премией для учителей». Победитель получает $1 млн.**



Авторлық құқық \ Авторство: Педагог Алматы Татьяна Белоусова – в числе 50 лучших учителей мира, https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-edu/press/news/details/1149361?lang=ru



Татьяна Белоусова – педагог-шебер, 2024 жылғы «Қазақстан мұғалімі» құрметті атағының иегері.

«Мен үшін Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтауы өте маңызды, жүрекке жылы әрі ерекше қуанышты оқиға болды».

«Бұл жоғары мойындау – жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруге бағытталған Сіздің көпжылдық шығармашылық еңбегіңіздің нәтижесі. Біздің ортақ мақсатымыз – интеллектуалды ұлт құру. Мемлекет ұстаздардың мәртебесін көтеру және оларға жан-жақты қолдау көрсету бағытында жүйелі қадамдар жасап келеді», – деп атап өтті Президент өз құттықтауында.

Бәрі неден басталды? Бәріміз мектепте валенттіліктерді жаттап, Менделеев кестесін үйреніп, «заттың массасын табыңыз» деген шексіз есептерді шығардық. Бірақ кімнің химияны өмірде, дәптерден тыс қалай жұмыс істейтінін шынымен түсінгені бар? Әрине, санаулы ғана...

Алматыдағы №95 лицейдің оқушылары химияны тек еске сақтап қана қоймайды, олар оны түсінеді. Бұл олардың ұстазы - Татьяна Геннадьевна Белоусованың еңбегі.

«Мен №95 мектепте 1984 жылдан бері жұмыс істеймін – қазір 41 жыл болды. Бұл – менің еңбек кітапшамдағы жалғыз жазба. Шынымды айтсам, бастапқыда мұғалім болуды жоспарламаған едім, бәрі кездейсоқ шықты».

Татьяна Геннадьевна университетте оқып жүргенде (ол кезде әлі Киров атындағы ҚазҰУ болатын), бесінші курста оның мектепте педагоги-

Татьяна Белоусова – педагог-мастер, обладатель почетного звания «Учитель Казахстана-2024».

«Для меня очень важным, трогательным и необыкновенно приятным событием стало поздравление Касым-Жомарта Кемелевича».

«Это высокое признание стало результатом Вашего многолетнего созидательного труда, направленного на воспитание и образование подрастающего поколения. Наша общая цель – построение интеллектуальной нации. Государство последовательно предпринимает шаги по повышению статуса учителей и оказанию им всесторонней поддержки», – отметил в своем поздравлении педагогу Президент.

С чего начинался путь? Все мы когда-то в школе учили валентности, заучивали таблицу Менделеева и решали химические задачки с бесконечными «найдите массу вещества». Но кто из нас в итоге понял, как химия работает в жизни, а не только в тетради? Скорее всего, единицы...

Однако ученики алматинского лицея №95 химию не только помнят, они ее понимают. И в этом заслуга их учителя Татьяны Геннадьевны Белоусовой.

«Я работаю в школе №95 с 1984 года – уже 41 год. Это единственная запись в моей трудовой книжке. Честно говоря, изначально я и не планировала становиться учителем, все вышло довольно случайно».

Когда Татьяна Геннадьевна училась в университете (тогда еще в КазГУ им. Кирова), на пятом курсе у нее была педагогическая практика в школе. На одном из уроков она заметила маль-

калық тәжірибесі болды. Сабақтардың бірінде ол мүлде қызықпай отырған, ештеңе жазып алмаған бір баланы байқап қалды. ***«Мен оған барып, неге екенін сұрадым. Ол: «Мен ештеңе түсінбеймін, химиядан екілік алып жүрмін» деді. Мен оған сабақтан кейін қалуды ұсындым, біз бірге тақырыпты талдап шықтық. Шамамен жарты жылдан кейін біз көшеде кездейсоқ жолығып қалдық. Ол маған жақындап: «Сіз мені, бәлкім, есіңізде сақтамаған шығарсыз. Мен Касьянов Коля, сіз бізде тәжірибеде болғансыз» деді. Мен одан химиядан жағдайын сұрадым, ол біздің әңгімеден кейін пәнді оқи бастағанын, енді тұрақты түрде төрттік алып жүргенін айтты...»***

Дәл сол кезде ол алғаш рет мұғалім мамандығының – ғажайыпқа толы екенін түсінді. Бір ғана бала, дер кезінде айтылған бір ғана сөз, бір ғана түсіндірілген тақырып – пәнге деген «химиялық құрамды» өзгертуге жеткілікті.

«Осылайша мен университетті бітірген соң мектепке келдім. Үш жылдан кейін маған химия бойынша аспирантура ұсынды, бірақ педагогикалық емес. Алайда мектептен кетуменің қолымнан келмеді. Ол мені өз торына баурап алды...»

Global Teacher Prize топ-50 қатарына ену – бұл кездейсоқтық па, жай ғана сәттілік те емес. Татьяна Белоусованың кандидатурасы күрделі, көпсатылы іріктеуден өтті: толық анкета мен қосымша материалдарды тапсырудан бастап, қатаң сараптамалық бағалауға және халықаралық қазылар алқасының соңғы шешіміне дейін.

чика, которому было откровенно неинтересно, он ничего не записывал. ***«Я подошла к нему и спросила почему. Он ответил: «Я ничего не понимаю, у меня по химии двойка». Предложила ему остаться после урока, и мы вместе разобрали тему. Спустя примерно полгода мы случайно встретились на улице. Он подошел ко мне и сказал: «Вы меня, наверное, не помните. Я Касьянов Коля, вы у нас были на практике». Я спросила, как у него дела с химией, и он ответил, что после нашего разговора начал учить предмет, и теперь у него твердая четверка...»***

Именно тогда она впервые поняла, что профессия учителя – почти волшебство. Достаточно одного ребенка, одного вовремя сказанного слова, одной объясненной темы, чтобы изменить «химический состав» отношения к предмету.

«Так я и оказалась в школе после окончания университета. Через три года мне предлагали аспирантуру по химии, не педагогическую, но уйти из школы я уже не смогла. Она вовлекла меня в свои сети...»

Попасть в топ-50 Global Teacher Prize – это не удача и не случайность. Кандидатура Татьяны Белоусовой прошла сложный, многоэтапный отбор: от подачи подробной анкеты и дополнительных материалов до строгой экспертной оценки и финального решения международного жюри.





Әлемнің үздік педагогтерінің ресми тізімі 2025 жылғы 15 желтоқсанда Global Teacher Prize сайтында жарияланды және онда ондаған елдің мұғалімдері арасынан Қазақстанның оңтүстік астанасынан шыққан педагогтің есімі көрінді.

«Байқау бірнеше кезеңнен тұрады және ұлттық іріктеуден – National Teacher Prize-тан басталады. Мұғалім анкета, растайтын құжаттар, бейнепрезентация, әріптестердің ұсыныстары, оқушылар мен түлектердің пікірлерін, сондай-ақ тек мектепте ғана емес, одан тыс жерлерде де жұмыс істегенін дәлелдейтін материалдарды тапсырады – бұл ерекше бағаланады».

Қазақстанда байқау мыңдаған өтінімнен басталады, әр жылдары олардың саны шамамен 5000 болған, бірақ финалға санаулылары ғана жетеді.

«2024 жылы мен National Teacher Prize жеңімпазы атандым, содан кейін Global Teacher Prize-ке номинацияландым. Сол кезде қазақстандық ондықтан тек мен әлемнің үздік жүз мұғалімінің қатарына кірдім. Биыл байқауға мен өзін-өзі ұсынушы ретінде қатыстым, барлық кезеңдерден қайта өттім. Құжаттар мен ұсыныстар мұқият тексерілгеннен кейін топ-100 финалистері Лондондағы халықаралық қазылар алқасымен онлайн-сұхбаттан өтеді, онда кәсіби жетістіктер, педагогикалық тәсілдер және мұғалімнің тұлғасы бағаланады».

Іріктеу қорытындысы бойынша әлемнің топ-50 педагогі анықталады, содан кейін финалға шыққан ондық және миллион доллар сыйлық алатын жеңімпаз жарияланады. Алайда топ-50 қатарына ену – *ең бастысы, әлемдік кәсіби мойындауды білдіреді, дәл осы мақсат үшін бұл байқау ұйымдастырылады.*

Официальный список лучших педагогов мира был опубликован 15 декабря 2025 г. на сайте Global Teacher Prize, и среди учителей из десятков стран мира появилась фамилия педагога из южной столицы Казахстана.

«Конкурс проходит в несколько этапов и начинается с национального отбора – National Teacher Prize. Учитель подает анкету, подтверждающие документы, видеопрезентацию, рекомендации коллег, отзывы учеников и выпускников, а также доказательства работы не только в школе, но и за ее пределами – это особенно ценится».

В Казахстане конкурс стартует с тысяч заявок, в разные годы их было около 5000, но до финала доходят лишь единицы.

«В 2024 году я стала победителем National Teacher Prize, после чего была номинирована на Global Teacher Prize. Тогда из казахстанской десятки только я вошла в сотню лучших учителей мира. В этом году я участвовала в конкурсе уже как самовыдвиженец, проходя все этапы заново. После тщательной проверки документов и рекомендаций финалисты из топ-100 проходят онлайн-интервью с международным жюри из Лондона, где оценивают профессиональные достижения, педагогические подходы и личность учителя».

По итогам отбора формируется топ-50 педагогов мира, затем десятка финалистов и победитель, который получает приз один миллион долларов. Однако даже попадание в топ-50 означает главное – *мировое профессиональное признание, ради которого и существует этот конкурс.*



«Бүгінгі күнге дейін бұл – менің кәсіби өмірімдегі ең биік шың. Мен үшін бүкіл әлем Қазақстанда планетаның үздік педагогерінің қатарына енген мұғалім бар екенін білуі - ерекше маңызды. Мұндай мойындау көп нәрсені білдіреді, сенімділік береді, алға ұмтылуға және жаңа мақсат қоюға шабыттандырады. Қазір мен өзімді толықтай бақытты адаммын деп айта аламын...»

«На сегодняшний день это самая высокая точка в моей профессиональной жизни. Для меня невероятно важно осознавать, что во всем мире знают, что в Казахстане есть учитель, вошедший в число лучших педагогов планеты. Такое признание многое значит, оно придает уверенность, вдохновляет двигаться дальше и ставить новые цели. Сейчас я могу сказать, что чувствую себя абсолютно счастливым человеком...»

Татьяна Геннадьевнаның сабақтарында химия абстрактты ғылым болудан қалады да, тәжірибелермен, сұрақтармен, қателерді іздеумен қызықты саяхатқа айналады. Мұнда түсінбей қалудан қорқудың қажеті жоқ, өйткені білімге апаратын жол дұрыс жауаптан да маңызды.

Ал осы педагогтің 41 жылдық кәсіби қызметінде оқушылардың пәнді қабылдауы қаншалықты өзгерді?

«Әрине, интернеттің ықпалына байланысты қазіргі балалар өзгерді. Кейде білім үстірт болып қалады, ал мен олардың бойынан тереңдікті көргім келеді. Көбіне шыдам жетіспейді: тапсырмалар асығыс, тақырыпқа ой жүгіртпей орындалады, кейін оны сабақта қайтадан толықтыруға тура келеді».

Қазір әрбір мұғалімді оқушылардың өздігінен ойланбай, логиканы қолданбай, мүмкіндігінше тезірек дайын жауап табуға ұмтылуы алаңдатады. Сондықтан Татьяна Геннадьевна тапсырмалар жүйесін сын тұрғысынан ойлауды, талдау қабілетін және ақпаратты дұрыс түсіндіруді дамытуға бағыттап құруға тырысады.

«Сонымен қатар мен цифрлық технологияларды және жасанды интеллектіні пайдалы болуы мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Мәселен, біз оқушыларға ChatGPT жауаптарын оқулықпен салыстырып, қателерді іздеуді ұсынамыз. Бұл кез келген ақпаратты абсолютті әрі даусыз ақиқат ретінде қабылдауға болмайтынын жақсы көрсетеді. Қателіктерді тек тақырыпты шынымен білетін, заңдар мен заңдылықтарды түсінетін адам ғана таба алады. Біз балаларды дәл осыған үйретеміз».

На уроках Татьяны Геннадьевны химия перестает быть абстрактной наукой и превращается в увлекательное путешествие с опытами, вопросами, поиском ошибок. Здесь можно не бояться не понять, потому что путь к знанию важнее правильного ответа.

Но насколько изменилось восприятие предмета учениками за 41 год профессиональной деятельности этого педагога?

«Современные дети, конечно, изменились, во многом из-за огромного влияния интернета. Иногда знания становятся более поверхностными, а мне бы хотелось видеть в них глубину. Часто не хватает терпения: задания выполняются наспех, без вдумчивого погружения в тему, и потом это приходится дорабатывать уже на уроках».

Конечно, сейчас каждого учителя настораживает стремление у школьников как можно быстрее найти готовый ответ, не размышляя самостоятельно, не применяя логику. Поэтому Татьяна Геннадьевна старается выстраивать систему заданий так, чтобы развивать критическое мышление, умение анализировать и правильно трактовать информацию.

«При этом я не отрицаю, что цифровые технологии и искусственный интеллект могут быть полезны. Мы, например, предлагаем ученикам сравнивать ответы ChatGPT с учебником и искать ошибки. Это хорошо показывает, что любую информацию нельзя воспринимать как абсолютную и бесспорную истину. Найти неточности может только тот, кто действительно знает тему, понимает законы и закономерности. Именно этому мы и учим детей».



Міне, оқушылардың Татьяна Белоусова туралы айтқандары: «Ол күрделі нәрсені қарапайым етіп түсіндіре алады».
«Ол әрбір оқушыға сенеді. Тіпті жетінші сыныпқа дейін химия өзінікі емес деп санаған оқушыларға да.»
«Біз үшін ол жаңа әрі қызықты әлемге жол көрсетуші».
«Бұл – формуладан мәнді, ал өзіңнен – мүмкіндіктер мен әлеуетті көруге көмектесетін мұғалім...»

«Сабақтың басында мен балаларды «шумақ жіппен» қараңғы орманға жетелегендей боламын, түсіну үшін қай жолмен жүру керегін көрсетемін. Мен бұл бағытты жақсы білемін және олардың осы жолмен ілесіп отырғанын қадағалаймын. Бұл құпия үйрету тәсілі секілді. Ал балалар түсіне бастағанда, олардың көздері жанып кетеді, олар: «Мен істей аламын! Мен одан да күрделісін жеңемін!» дейді. Бұл, бәлкім, сабақтың сәтті өткенінің ең жақсы дәлелі».

Татьяна Геннадьевна сабақтарында міндетті түрде ашық дереккөзден табыла бермейтін, қызықты деректермен бөліседі.

«Мен оқулықтың авторларының бірі болып табыламын, және біз оған арнайы қызықты деректер мен қарапайым тәжірибелер бөлімдерін енгіздік. Олар қызығушылықты сақтауға көмектеседі және балаларда химияға деген шынайы сүйіспеншілікті оятады».

Бүгінде Татьяна Белоусованың есімі халықаралық деңгейде аталып жүр, бірақ ол өзінің мектептегі реакциялық ыдысына, оқушыларына және пәніне адал болып қала береді. Дәл осы жерде оның табыс формуласы жатыр: білім – «катализатор», іске деген сүйіспеншілік – «реакцияның активаторы», ал адамдарға деген сенім – «тұрақты қосылыс», ол қысымға қарамастан ыдырамайды...

Вот что говорят ученики о Татьяне Белоусовой.
«Она умеет объяснять сложное просто».
«Верит в каждого, даже в того, кто пришел в седьмом классе с твердым убеждением, что химия не для него».
«Для нас она проводник в новый и интересный мир».
«Это учитель, который помогает увидеть в формуле смысл, а в себе – возможности и потенциал...»

«В начале урока я как будто веду детей «клубочком» в темный лес, показываю путь, по которому нужно идти, чтобы разобраться. Я хорошо знаю этот маршрут и стараюсь, чтобы они следовали за мной. Это почти что таинство – научить. А когда дети начинают понимать, у них загораются глаза, они говорят: «Я могу! Я справлюсь и с более сложным!» И это, наверное, самое лучшее доказательство того, что урок удался».

На уроках Татьяна Геннадьевна обязательно делится любопытными фактами – теми, которые не всегда можно быстро найти в открытых источниках.

«Я являюсь одним из авторов учебника, и мы специально включили в него разделы с интересными фактами и простыми опытами. Они помогают поддерживать интерес и пробуждают у детей настоящую любовь к химии».

Сегодня имя Татьяны Белоусовой звучит на международном уровне, но она продолжает оставаться верной своему «реакционному сосуду» – школе, ученикам и своему предмету. Именно в этом и кроется ее формула успеха: знания как «катализатор», любовь к делу как «активатор реакции» и вера в людей как «устойчивое соединение», которое не распадается даже под давлением...

ZAKON.KZ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ
ПО МАТЕРИАЛАМ ZAKON.KZ

HTTPS://WWW.ZAKON.KZ/STATI/6506078-IZ-SHKOLNOGO-KABINETA-V-TOP50-LUCHSHIKH-KAK-UCHITEL-KHIMII-IZ-ALMATY-POKORILA-GLOBAL-TEACHER-PRIZE.HTML

ПЕДАГОГТЕРГЕ



ПЕДАГОГАМ



КУӘГЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ РӨЛІ

А. Ғ. Бейсембаева,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана қ.

Мектептегі буллинг әлемдегі білім беру тәжірибесіндегі ең күрделі әрі кең таралған мәселелердің бірі болып қала береді. Себебі, ол тек жеке агрессия актілерін ғана емес, жасөспірімдердің ұжымдағы әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін де көрсетеді.

Соңғы онжылдықта зерттеушілердің назары тек агрессорлар мен құрбандарды зерттеуден гөрі, буллингті әлдеқайда кең ауқымды оқушылардың қарым-қатынасы *топтық феномен* ретінде қарастыру ауысу үрдісі байқалады.

СОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ СВИДЕТЕЛЕЙ

РОЛЬ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ В СИТУАЦИИ ШКОЛЬНОГО БУЛЛИНГА

А. Ғ. Бейсембаева,
магистрант Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, г. Астана

Школьный буллинг остается одной из наиболее сложных и распространенных проблем в мировой образовательной практике, поскольку он отражает не просто отдельные акты агрессии, а глубинные особенности социальной жизни подростков в коллективе.

В последние десятилетия внимание исследователей сместилось от изучения исключительно агрессоров и жертв к рассмотрению буллинга как *группового феномена*, в котором участвует гораздо более широкий круг учащихся.



Буллингтің дамуына және оның нәтижесіне ықпал ететін негізгі топтардың бірі – ***куәгерлер*** немесе ***бақылаушылар (bystanders)***. Мұндай балалар буллинг көріністерін байқайды, бірақ өздері тікелей агрессор да, құрбан да болмайды.

Көптеген эмпирикалық зерттеулер буллинг жағдайларының көбіне басқа оқушылардың қатысуымен өтетінін көрсетеді. АҚШ-тың мемлекеттік білім беру ресурстарының деректеріне сәйкес, бақылаушылар буллинг кезеңдерінің шамамен 80%-ында қатысады. Бұл олардың мектептегі әлеуметтік үдерістердің ықтимал модераторлары және араласудың маңызды субъектілері ретіндегі рөлін айқындайды.

Халықаралық зерттеулерде буллингтің дамуына тек агрессор мен құрбанның әрекеттері ғана емес, сонымен бірге *айналадағы адамдардың ұстанымы* да ықпал ететіні көрсетіледі. Қорғау, бейтарап қалу немесе араласуға ұмтылу сияқты реакциялар буллингтің қанша уақытқа созылатынына және оның салдарларының қаншалықты ауыр болатынына айтарлықтай әсер етеді.

Одной из ключевых групп, влияющих на развитие и исход травли, являются ***свидетели***, или ***наблюдатели*** (***bystanders***). Эти дети находятся в ситуации, где они видят эпизоды буллинга, но при этом не являются непосредственными агрессорами или жертвами.

Многочисленные эмпирические исследования показывают, что случаи буллинга происходят преимущественно в присутствии иных учащихся. Так, по данным государственных образовательных ресурсов США, наблюдатели присутствуют примерно в 80% эпизодов буллинга, что подчеркивает их роль как потенциальных модуляторов социальных процессов в школе и важных субъектов вмешательства.

В международной литературе также подчеркивается, что не только прямое участие агрессора и жертвы влияет на динамику травли, но и *реакция окружающих:* поддержка, пассивность или попытка вмешательства оказывают существенное влияние на продолжительность и последствия буллинга.

Зерттеулерде бақылаушыларға деген қызығушылықтың артуы бірнеше себептерге байланысты.

▶ Біріншіден, олардың мінез-құлқы сыныптағы әлеуметтік нормаларды бейнелейді, бұл нормалар агрессивті әрекеттерді күшейтуі де, әлсіретуі де мүмкін.
▶ Екіншіден, балалардың буллингке қалай жауап беретінін түсіну агрессорлар мен құрбандарға ғана емес, буллингке куәгер оқушыларға бағытталған кешенді профилактикалық бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Буллингке куәгер балалар, біртекті топты құрай алмайды, керісінше әртүрлі позицияларды иеленеді, ал әрбір позиция буллингтің өрбуіне өзінше ықпал етеді. Мектептегі буллингке қатысты халықаралық зерттеулер (әсіресе қатысушы рөлдер моделіне сүйенетін еңбектер) бақылаушылардың топтық контексте белсенді рөл атқаратынын ерекше атап көрсетеді.

Ең көп танылған тұжырымдамалық үлгілердің бірі – Сальмивалли (Salmivalli) және оның әріптестері әзірлеген рөлдер моделі. Бұл модель Финляндиядағы буллингке қарсы ***KiVa бағдарламасы*** аясында жасалған. Аталған модельге сәйкес, құрбылардың нақты рөлдерін шартты түрде төрт негізгі санатқа бөлуге болады.

▶ Біріншіден, ***қорғаушылар*** – олар буллингті байқаған кезде белсенді түрде араласады, құрбанға қолдау көрсетеді немесе ересектерге жүгінеді. Халықаралық зерттеулерде мұндай балалар сыныпта қолдау көрсетуге бағытталған позитивті нормалар қалыптасқан жағдайда буллингтің қарқындылығын айтарлықтай төмендетіп, құрбанның эмоционалдық қауіпсіздігін нығайта алатынын көрсетеді.
▶ Екіншіден, ***бақылаушылар*** – ештеңеге араласпайды, яғни буллинг кезінде ешқандай әрекет жасамайды. Мұндай мінез-құлық буллингтің күшеюіне ықпал етуі мүмкін, өйткені араласудың болмауы агрессорға оның іс-әрекеті қабылданғандай әсер қалдырады, ал құрбан үшін бұл әлеуметтік қолдаудың жоқтығын көрсетеді.
▶ Үшіншіден, ***агрессорды қолдаушылар*** – олар сөзбен, күлкімен немесе басқа да әрекеттер арқылы агрессивті мінез-құлықты мақұлдап, оны күшейте түседі. Осындай қолдау агрессордың әрекеттерін одан әрі өршітеді және буллингті тоқтатуды әлдеқайда қиындатады.
▶ Соңғысы, ***үнсіз куәгерлер*** – олар оқиғаға қатысады, бірақ болып жатқан жағдайға өз көзқарасын білдірмейді. Олар жанама түрде буллингті қолдауы мүмкін, себебі олардың бейтараптығы үнсіз келісімді білдіреді.

Возрастающее внимание к наблюдателям в исследованиях обусловлено несколькими причинами.

▶ Во-первых, их поведение отражает социальные нормы класса, которые могут либо укреплять, либо ослаблять агрессивное поведение.
▶ Во-вторых, понимание того, как дети реагируют на травлю, позволяет разработать более комплексные программы профилактики, направленные не только на агрессоров и жертв, но и на широкий круг учеников, которые регулярно становятся свидетелями травли.

Когда дети становятся свидетелями буллинга, они не образуют однородной группы, а занимают различные позиции, каждая из которых по-разному влияет на динамику травли. Международные исследования в области школьного буллинга (в особенности работы, опирающиеся на модель участнических ролей) подчеркивают, что наблюдатели играют активную роль в групповом контексте.

Одной из наиболее признанных концептуальных моделей является модель ролей, развитая Сальмивалли (Salmivalli) и соавторами в рамках ***Программы KiVa*** – финской программы борьбы с буллингом. Согласно этой модели, конкретные роли сверстников можно условно разделить на четыре основные категории.

▶ Во-первых, есть ***защитники*** – те, кто при наблюдении травли активно вмешиваются, оказывают поддержку жертве или обращаются к взрослыми. Международные наблюдения показывают, что эти дети могут существенно снизить интенсивность травли и укрепить эмоциональную безопасность жертвы, особенно если в классе формируются позитивные нормы поддержки.
▶ Во-вторых, часть ***наблюдателей*** остается пассивной, не предпринимая в момент буллинга никаких действий. Такое поведение может оказывать отрицательный эффект на динамику травли, поскольку отсутствие вмешательства воспринимается агрессором как терпимость, а жертвой – как отсутствие социальной поддержки.
▶ В-третьих, существуют ***поддерживающие агрессора*** – те, кто может поощрять травлю словами, смехом или другим способом демонстрировать одобрение агрессивного поведения. Их позиция усиливает агрессора и затрудняет прекращение травли.
▶ Наконец, ***молчаливые свидетели*** – те, кто присутствует при инциденте, но никак не обозначает свое отношение к происходящему. Они могут косвенно поддерживать травлю, поскольку их нейтралитет создает атмосферу молчаливого согласия.

Бақылаушылардың әрекеті тек олардың жеке тұлғалық қасиеттерімен шектелмей, сыныптағы әлеуметтік орта мен атмосфераны сипаттайтын түрлі факторларға тәуелді. Солардың ішінде маңыздысы – ***эмпатия деңгейі***: эмпатиясы жоғары дамыған оқушылар бейтарап қалудан гөрі қорғаушы рөлін атқаруға бейім болады.

Бұдан бөлек, сыныптағы қалыптасқан нормалар мен мектептегі жалпы атмосфера оқушылардың ықтимал әрекеттеріне елеулі ықпал етеді: егер орта қолдай алса, балалар өздерінің араласуы әлеуметтік мұрғыдан құптаматынына және қауіпсіз болатынына көбірек сенімді болады.

Тағы бір маңызды фактор – ***келесі нысанаға айналу қорқынышы***. Зерттеулер көрсеткендей, көптеген оқушылар буллингке куә болса да, араласуға батылдықтары жетпейді. Себебі агрессордың назары өзіне ауады деп қорқады. Бұл жағдай әсіресе иерархиялық агрессия деңгейі жоғары сыныптарда айқын байқалады.

Сонымен қатар маңызды факторлардың бірі – ***өзіндік тиімділік сезімі***. Егер бала өзінің әрекеттері буллингті тоқтатуға немесе құрбанды қолдауға қабілетті екеніне сенімді болса, ол араласуға әлдеқайда ықтимал болады.

▶ ***Совершать ошибки – нормально.*** Дети постигают эту истину главным образом из жизненных примеров. Чтобы донести до ребенка этот принцип, родители должны признавать собственные ошибки в отношениях с детьми и друг с другом. Если дети видят, что родители всегда извиняются за допущенный промах, то они и сами постепенно приучаются брать на себя ответственность за свои ошибки. При этом ребенок постигает важнейшее искусство прощения.

▶ ***Проявлять негативные эмоции – нормально.*** Гнев, печаль, разочарование, сожаление, беспокойство, смущение, ревность, обида, неуверенность, стыд не только естественны и нормальны, но и важные составляющие роста. Родители должны научиться создавать для детей благоприятные возможности испытывать и выражать свои негативные эмоции. Нужно помнить, что все, что подавляют в себе родители, в конце концов проявляют дети вместе с собственными эмоциями. Позитивное воспитание не допускает, чтобы дети чувствовали себя ответственными за настроения родителей.

▶ ***Хотеть большего – нормально.*** Детям очень часто вбивают в голову, будто только нехороший, эгоистичный, испорченный ребенок хочет большего и огорчается, не получая желаемого. Родители стараются приучить детей к добродетелям благодарности, вместо того, чтобы позволить им желать большего. «Скажи спасибо за то, что у тебя уже есть», – стандартный ответ на желание ребенка получить больше.

▶ Дети не знают, сколько им дозволено просить, да им и не откуда это знать. Даже взрослым бывает трудно определить, как много мы можем попросить, чтобы не обидеть человека и не показаться слишком требовательным и неблагодарным. Позволив ребенку просить большего, вы тем самым даете ему возможность ставить перед собой большие цели и чего-то добиться в жизни.

▶ ***Выражать несогласие – нормально, но помни: мама и папа главные.*** Нужно позволять детям говорить «Нет», но при этом важно, чтобы они знали, что последнее слово остается за родителями. Большинство родителей боятся дать детям слишком много прав, чтобы не разбаловать их.

Қазіргі балалармен ең үлкен қиындықтардың бірі – *оларға тым көп еркіндік беру*. Ата-аналар балалардың көбірек құқықтарға лайық екенін сезінді, бірақ сонымен бірге жағдайды бақылауды үйренбеді.

Балаларға еркіндік бере отырып, жағдайды сенімді түрде бақылауда ұстау керек. Сөйтіп, балаларға айтуға «Жоқ» деуге мүмкіндік беріп, оларға өз сезімдерін білдіруге, өз тілектерін анықтауға мүмкіндік беріп, содан кейін келіссөздер жүргізе аласыз.

Бұл сіз әрқашан баланың айтқанын істейсіз дегенді білдірмейді. Өз қалауыңды түзету, олардан бас тарту деген емес. Түзету – өз қалауың бойынша үлкендермен келісу. Қалауыңнан бас тарту дегеніміз – ата-ананың еркіне бағыну арқылы өз қалауың мен сезімдеріңді басу. Баланы өзіңізге бағындыра отырып, оның еркін басып тастау деген сөз. Өз қалауың мен еркіңді түзете білу – *серіктестік*, өз еркіне бағындыру – мойынсұну.

***Позитивті тәрбиенің мақсаты* – балаларда мойынсұнушылыққа емес, ынтымақтастыққа деген бейімділікті дамыту. Ата-ананың ессіз соңынан еру–зиянды үрдіс.**

Мойынсұнғыш балалар тек бұйрықтарды орындайды, олар ойламнбайды, сезінбейді, үдеріске қатыспайды.

Ынтымақтастыққа бейім балалар кез келген өзара әрекеттесуге қатысады, бұл олардың дамуына ықпал етеді.

Бастапқыдағы балалардың негізгі ұстанымы – ата-аналарына қуаныш сыйлау. Позитивті тәрбие әдістері бұл көзқарасты күшейтеді, нәтижесінде балалар ата-аналардың еркі мен тілектерін орындауға дайын болады.

Үлкендерге бағыну үрдісін теңестіру үшін балаға кез келген нәрсемен келіспеуге және қарсы тұруға мүмкіндік беру керек.

Егер баланың мұндай мүмкіндігі болмаса, онда жасөспірім кезеңінде ол себепсіз бүлікшілдік үрдісін көрсетеді. Баланың ата-анасының еркіне қарсы тұруға және олармен ынтымақтасуға мүмкіндігі болған кезде, ол өзінің «Менін» сезініп, бүлік шығармайды. Бала өсу кезінде ол бәрібір де ата-анасынан алшақтайды, бірақ сонымен бірге қажетті сүйіспеншілік пен қолдау алу үшін оларға жүгінеді.

Одна из главных проблем с современными детьми в том, что *им дают слишком много свободы*. Родители почувствовали, что дети заслуживают больше прав, но не научились при этом быть хозяевами положения. Давая детям свободу, нужно следить за тем, чтобы все-таки уверенно держать ситуацию под контролем.

Позволяя детям говорить «Нет», вы тем самым даете им возможность свободно выражать свои чувства, определять свои желания и затем вести переговоры. Это не значит, что вы всегда будете делать то, что хочет ребенок. Однако его желания и чувства будут услышаны, а это само по себе склоняет к сотрудничеству без подавления при этом своего истинного существа.

Корректировать свои желания не то же самое, что отступать от них. Откорректировать – значит привести их в согласие с желаниями старших. Отступаться – значит подавлять свои желания и чувства, подчиняясь воле родителей. Подчиняя ребенка, вы ломаете его волю. Умение корректировать свою волю и желания – *сотрудничество*, подчинение своей воли – покорность.

***Цель позитивного воспитания* – развить в детях склонность к *сотрудничеству*, а не к покорности. Бездумно следовать за родителями – нездоровая тенденция.**

Покорные дети просто выполняют распоряжения, они не думают, не чувствуют, не участвуют в процессе.

Дети, склонные к сотрудничеству, участвуют в любом взаимодействии, что способствует их развитию.

В детях изначально заложена базовая установка – глубоко в душе они хотят доставлять радость родителям. Методы позитивного воспитания усиливают данную установку, и в результате дети охотнее следуют воле и желаниям родителей.

Чтобы сбалансировать эту склонность уступать старшим, необходимо дать ребенку возможность не соглашаться со всем подряд и сопротивляться. Если у ребенка нет такой возможности, то в подростковый период у него проявляется тенденция к беспричинному бунтарству.

Когда у ребенка есть возможность противиться воле родителей и при этом сотрудничать с ними, он приобретает *здоровое чувство собственного «Я»* и не испытывает потребности бунтовать. В период полового созревания он все равно отдалится от родителей, но при этом будет то и дело обращаться к ним, чтобы получить необходимую любовь и поддержку.

Позитивті тәрбие сонымен бірге жоғарыда қарастырылған қағидаларды өз уақытында үйренбеген жасөспірімдермен ортақ тіл табуды қарастырады.

Жақсы әке немесе ана болу және балаларыңызды толық бірлесуге шабыттандыру ешқашан кеш емес. Сіз кез келген жастан бастап позитивті тәрбиенің бес қағидасын қолдана аласыз. Олар кез келген жағдайда балаға әсерін сақтауға, толыққанды қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа қол жеткізуге және ондағы ең жақсы қасиеттерді оятуға көмектеседі.

Позитивное воспитание также рассматривает возможность найти общий язык с подростками, которые в свое время не усвоили рассмотренные выше принципы.

Никогда не поздно стать хорошим отцом или матерью и вдохновить своих детей на полноценное сотрудничество. Применять пять принципов позитивного воспитания можно с любого возраста. Они в любом случае помогут вам сохранить влияние на ребенка, добиться более полноценного общения и сотрудничества, а также пробудить в нем наилучшие качества.



HTTPS://WWW.UNICEF.ORG/KAZAKHSTAN/%D0%BF%D0%BE%D0%B7%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B5-%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D1%82%D0%B5%D0%BB%D1%8C%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE?__CF_CHL_TK=XD98LNGBURN5K8GKK0A8EPL3PV_B00OTCNP1.B67X.Q-1772016462-1.0.1.1-Z1DLGK1R45DSJAUIPRCEOB3TCEV3ONWQXFSP2LCIA2C

HTTPS://MAGISTR54.RU/WP-CONTENT/UPLOADS/2021/10/KAK-STAT-POZITIVNYM-RODITELEM-PRJAMO-SEJCHAS.PDF

HTTPS://PANDALAND.KZ/ARTICLES/MAMAM-O-MAMAH/POZITIVNOE-RODITELSTVO-KAK-NADO-I-KAK-NE-NADO-VOSPITYVAT-DETEY

HTTPS://CENTER-SOZVEZDIE.RU/JOURNAL/OSNOVNYE-PRINCIPY-POZITIVNOGO-RODITELSTVA/

12-14 ЖАС - ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ДАҒДАРЫС

АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС



ӨРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

БАРЛЫҚ КЕСКІНДЕР GEMINI КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН


12-14 ЛЕТ - ПОДРОСТКОВЫЙ КРИЗИС

СОВЕТЫ РОДИТЕЛЯМ



ЭРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ВСЕ ИЗОБРАЖЕНИЯ СОЗДАНЫ
С ПОМОШЬЮ GEMINI


12–14 ЖАС – ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ДАҒДАРЫС
АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС
БҰЛ КЕЗЕҢДЕ БАЛАҒА НЕ БОЛЫП ЖАТҚАНЫН ТҮСІНУ КЕРЕК. АТАП АЙТҚАНДА:
MUSIC FEST
MUSIC
ROCK BAND
190
100
170
160
150
140
130
190
150
160
✓ АҒЗАНЫҢ ГОРМОНДЫҚ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ;
✓ ТЕЗ ӨСУ;
✓ ҚАРҚЫНДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ
✓ ӨЗІН -ӨЗІ ТАНУ
✓ ӨЗІН-ӨЗІ ДӘЛЕЛДЕУ

12–14 ЛЕТ – ПОДРОСТКОВЫЙ КРИЗИС
СОВЕТЫ РОДИТЕЛЯМ









ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ҚАҒИДАЛАРЫ

БАЛА 10 ЖАСҚА ДЕЙІН МЕҢГЕРУІ ТИІС 10 ҚАҒИДА

Бала тәрбиесі – бұл ережелер мен шектеулер емес, бұл – махаббат, сенім және өмірге бағыт беру. Әрбір ата-ана баласының бақытты, дені сау, мейірімді және өзіне сенімді болып өсуін қалайды. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін балаға кішкентайынан бастап дұрыс бағыт беру қажет. Әсіресе, 10 жасқа дейінгі кезең – баланың тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік дамуының іргетасы қалана-тын уақыт.

ЗОЛОТЫЕ ПРАВИЛА ВОСПИТАНИЯ

10 ПРАВИЛ, КОТОРЫЕ РЕБЕНОК ДОЛЖЕН ОСВОИТЬ ДО 10 ЛЕТ

Воспитание ребенка – это не правила и ограничения, а любовь, доверие и направление в жизни. Каждый родитель хочет, чтобы его ребенок рос счастливым, здоровым, добрым и уверенным в себе. Но для достижения этой цели необходимо с раннего возраста направлять ребенка в правильную сторону.

Төменде балаңызға 10 жасқа дейін үйрету керек ең маңызды 10 өмірлік қағида ұсынылған.

Бұл сабақтар баланың болашақта өз жолын табуына, қиындықтармен күресуге және қоғамда өз орнын алуға көмектеседі.

1. ***Мейірімді болу – ең үлкен жетістік.*** Балаға мейірімділік пен жанашырлықтың маңызын түсіндіру – оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың негізі. Жақсы баға, спорттағы жеңіс – бәрі маңызды. Бірақ ең бастысы – баланың адамдарға және өзіне деген қарым-қатынасы. Мейірімділік – бұл ішкі байлық, ол адамды нағыз тұлға етеді.

Мейірімділік – эмпатия мен әлеуметтік интеллекттің көрінісі. **3–7 жас аралығында балада «басқа адамның сезімін тану» қабілеті қалыптаса бастайды. Бұл кезеңде ата-ананың жылы қарым-қатынасы, мейірімді әрекеттері баланың ішкі «моральдық бағдарын» қалыптастырады.**

Қалай үйретуге болады?

- Өзгелерге көмектескенде мақтап отырыңыз.
- Қарттарға, жануарларға, достарына мейірімді болуға шақырыңыз.
- Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз.

Мейірімділік – буллингке қарсы қалқан және баланың болашағына жол. Мейірімділік – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол балаға кішкентайынан үйретілуі тиіс. Мейірімділік – бұл басқаларға жанашырлық таныту, көмектесу, түсіну, кешіре білу. Бұл қасиет балаға тек жақсы адам болуға ғана емес, сонымен қатар өмірдегі қиындықтарға төтеп беруге көмектеседі.

Бала мейірімді болуды үйренсе, ол айналасындағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатады. Ол достар табады, өзгелерге көмектеседі, жанашырлық танытады. Мұндай бала ешқашан басқаларды ренжітпейді, мазақ етпейді, қорламайды. Себебі ол мейірімділіктің маңызын түсінеді.

Буллинг – бұл бір баланың екіншісіне әдейі зиян келтіруі. Ол сөзбен ренжіту, мазақ ету, шеттету, ұрып-соғу сияқты әрекеттер арқылы көрінеді. Буллингке ұшыраған бала өзін жалғыз сезінеді, қорқады, мектепке барғысы келмейді. Оның көңіл-күйі бұзылады, өзіне деген сенімі төмендейді.

Особенно важен период до 10 лет – это время, когда закладывается основа личностного, эмоционального и социального развития ребенка.

Ниже представлены 10 самых важных жизненных принципов, которые следует привить ребенку до 10 лет. Эти уроки помогут ему в будущем найти свой путь, справляться с трудностями и занять свое место в обществе.

1. ***Быть добрым – это величайшее достижение.*** Объяснение ребенку важности доброты и сочувствия – основа формирования его нравственных качеств. Хорошие оценки, спортивные победы – все это важно. Но главное – отношение ребенка к людям и к самому себе. Доброта – это внутреннее богатство, которое делает человека настоящей личностью.

Доброта – проявление эмпатии и социального интеллекта. **В возрасте от 3 до 7 лет у ребенка начинает формироваться способность распознавать чувства других. В этот период теплое отношение родителей и добрые поступки помогают ребенку сформировать внутренний моральный «компас».**

Как научить?

- Хвалите ребенка, когда он помогает другим.
- Призывайте быть добрым к пожилым людям, родным, друзьям, животным.
- Показывайте пример своими поступками.

Доброта – щит против буллинга и путь в будущее. Доброта – одно из самых благородных качеств человека. Ее нужно прививать ребенку с раннего возраста. Доброта – это сочувствие, помощь, понимание, умение прощать. Это качество помогает ребенку не только быть хорошим человеком, но и справляться с жизненными трудностями.

Если ребенок научится быть добрым, он сможет выстраивать хорошие отношения с окружающими. Он находит друзей, помогает другим, проявляет сочувствие. Такой ребенок никогда не обижает, не насмехается, не унижает других, потому что он понимает важность доброты.

Буллинг – это когда один человек намеренно причиняет вред другому. Это может проявляться через обидные слова, насмешки, изоляцию, побои. Ребенок, ставший жертвой буллинга, чувствует себя одиноким, боится, не хочет идти в школу. У него портится настроение, снижается уверенность в себе.

Мейірімді бала буллингке қатыспайды. Ол керісінше, буллингке ұшыраған балаға көмектеседі, оны қорғайды, қолдау көрсетеді. Ол әділетсіздікке қарсы тұрады. Себебі мейірімділік – әділдік пен жанашырлықтың негізі.

Мейірімділік баланың болашағына үлкен әсер етеді. Мұндай бала өскенде жақсы дос, жақсы ата-ана, жақсы қызметкер болады. Ол адамдармен тіл табыса алады, қиындықтарды жеңе біледі, өмірде өз орнын табады. Мейірімділік – баланың ішкі байлығын арттырады, оны рухани жағынан дамытады.

Ата-ана балаға мейірімді болуды өз үлгісімен үйретуі керек. Бала ата-ананың әрекетін қайталайды. Егер ата-ана мейірімді болса, бала да сондай болады. Балаға жылы сөз айту, көмектесу, түсіну – мейірімділікке тәрбиелеудің жолы.

2. ***Махаббат бәріне жетеді***. Бала махаббаттың шексіз екенін сезінуі керек. Егер сізде бірнеше бала болса, әрқайсысына бірдей көңіл бөліп, «Мен сені де, бауырыңды да жақсы көремін» деп айту маңызды. Бұл балаға өзін бағалы сезінуге көмектеседі.

Бала өзін сүйікті сезінгенде оның өзін-өзі бағалауы жоғары болады. Ата-ананың махаббаты – баланың қауіпсіздік сезімінің негізі. Бұл – Джон Боулбидің «байланыс теориясы» бойынша баланың эмоционалдық тұрақтылығының іргетасы. Боулбидің айтуынша, байланыс – бұл инстинктивті қажеттілік . Бала өмір сүру үшін қамқоршысына жақын болады. Әрі бұл байланыс қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Мәселен:

- 0–6 апта: бала адамдарды ажыратпайды, бірақ назар аударады;
- 6 апта – 7 ай: анасының бетін таниды, басқалардан ерекшелейді;
- 7 ай – 2 жас: анадан ажырауға қорқады, белсенді байланыс іздейді;
- 2 жастан бастап: бала тәуелсіз бола бастайды, бірақ ата-ананың қолдауына мұқтаж

Отбасы – баланың алғашқы мектебі. Осы ортада бала махаббатты, сыйластықты, қамқорлықты, әділетті сезінеді. «Махаббат бәріне жетеді» деген ұғым – ата-ананың әр баласына тең көңіл бөліп, олардың арасындағы татулықты сақтауының басты қағидасы.

Добрый ребенок не участвует в буллинге. Напротив, он помогает пострадавшему, защищает его, оказывает поддержку. Он противостоит несправедливости, потому что доброта – основа справедливости и сочувствия.

Доброта оказывает большое влияние на будущее ребенка. Такой ребенок вырастает хорошим другом, заботливым родителем, ответственным сотрудником. Он умеет находить общий язык с людьми, преодолевать трудности, находить свое место в жизни. Доброта обогащает внутренний мир ребенка, способствует его духовному развитию.

Родители должны учить ребенка доброте своим примером. Ребенок повторяет действия родителей. Если родители добрые, ребенок тоже будет таким. Говорить ребенку теплые слова, помогать, понимать – это путь к воспитанию доброты.

2. ***Любовь все преодолевает.*** Ребенок должен чувствовать, что любовь безгранична. Если у вас несколько детей, важно уделять внимание каждому и говорить: «Я люблю и тебя, и твоего брата (сестру)». Это помогает ребенку почувствовать свою ценность.

Когда ребенок чувствует себя любимым, его самооценка становится высокой. Родительская любовь – основа безопасности ребенка. Согласно теории привязанности Джона Боулби, это фундамент эмоциональной устойчивости ребенка. По словам Боулби, привязанность – это инстинктивная потребность. Чтобы выжить, ребенок стремится быть рядом с заботливым взрослым. И эта связь обеспечивает чувство безопасности.

Например:

- 0–6 недель: ребенок не различает людей, но реагирует на внимание;
- 6 недель – 7 месяцев: узнает лицо матери, отличает его от других;
- 7 месяцев – 2 года: боится расставания с матерью, активно ищет контакт с ней;
- с 2 лет: становится более самостоятельным, но нуждается в поддержке родителей.

Семья – первая школа ребенка. В этой среде он учится любви, уважению, заботе и справедливости. Любовь все преодолевает – это принцип, по которому родители уделяют равное внимание каждому ребенку и сохраняют гармонию между ними.



Бірақ кейде ата-аналар кіші баласына көбірек көңіл бөліп, үлкен немесе ортаншы балаларын елеусіз қалдыруы мүмкін. Бұл – бала психологиясына теріс әсер ететін маңызды мәселе.

Однако иногда родители уделяют больше внимания младшему ребенку, оставляя старших или средних без должного внимания. Это серьезная проблема, негативно влияющая на детскую психику.

Ата-анаға арналған психологиялық кеңестер

▶ ***Әр бала – жеке тұлға:*** әр баланың мінезі, қызығушылығы, қажеттілігі әртүрлі. Оларға бірдей емес, тең дәрежеде көңіл бөлу керек.

▶ ***Арнайы уақыт бөлу:*** әр балаға жеке уақыт арнаңыз: үлкенімен серуенге шығыңыз, ортаншымен бірге кітап оқыңыз, кішісімен ойнаңыз.

▶ ***Махаббатты сөзбен және әрекетпен білдіру:*** «Мен сені жақсы көремін» деген сөзді әр балаға жиі айтыңыз. Құшақтау, мақтау, тыңдау – бәрі махаббаттың көрінісі.

▶ ***Бауырлар арасындағы қарым-қатынасты бақылау:*** қызғаныш, реніш байқалса, ашық сөйлесіп, түсіндіру қажет. «Сен де маған маңыздысың» дегенді сезіндіру – басты міндет.

▶ ***Үлкен балаға жауапкершілік жүктемеу, керісінше қолдау көрсету:*** үлкен балаға «сен үлкенсің, шыда» деп емес, «сен де көмекке мұқтажсың» деп қарау керек.

Психологические советы для родителей

▶ ***Каждый ребенок – личность:*** у каждого свой характер, интересы, потребности. Важно уделять внимание не одинаково, а справедливо.

▶ ***Выделяйте специальное время:*** проводите индивидуальное время с каждым: гуляйте со старшим, читайте со средним, играйте с младшим.

▶ ***Выражайте любовь словами и поступками:*** чаще говорите каждому «Я тебя люблю». Объятия, похвала, внимание – это проявления любви.

▶ ***Следите за отношениями между братьями и сестрами:*** если замечаете ревность или обиду, открыто поговорите и объясните. Важно, чтобы каждый чувствовал: «Ты тоже для меня важен».

▶ ***Не перекладывайте ответственность на старшего, а наоборот, поддерживайте его:*** вместо «Ты старший, потерпи» скажите: «Ты тоже нуждаешься в помощи».



3. ***Сыртқы келбетің мен денең – әдемі.*** Қазіргі қоғамда сыртқы келбетке тым көп мән беріледі. Сондықтан балаға оның денесі мен келбеті – ерекше әрі әдемі екенін түсіндіру өте маңызды. Бұл – өзін-өзі бағалаудың негізі.

Бала 6–10 жас аралығында өз келбетіне мән бере бастайды. Бұл кезеңде сыртқы бағалауға сезімталдық артады. Ата-ана баланың сырт келбетіне қатысты ешқашан теріс пікір білдірмеуі керек. Себебі бала ата-ананың сөзін жүрекке жақын қабылдайды. «Құлағың үлкен», «Қара торысың», «семізсің» деген сөздер балада комплекс қалыптастырады. Бұл комплекстер бала өскенде сенімсіздікке, ұяңдыққа, қоғамнан оқшауланауға алып келеді.

Балаға «сен әдемісің», «сенің күлкің керемет», «сен ерекше тұлғасың» деген сөздерді айту керек. Бұл сөздер балаға сенім береді. Ол өз келбетін қабылдайды, өзін жақсы көреді. Өзін жақсы көрген бала – өзгелерді де жақсы көреді. Ол қоғамда еркін әрекет етеді, достар табады, қиындықтарға төтеп береді.

Қалай үйретуге болады?

- Балаңыздың сыртқы келбетін мақтап отырыңыз.
- «Сен кереметсің!» деген сөздерді жиі айтыңыз.
- Әлеуметтік желілердің әсерін шектеңіз.

3. ***Твоя внешность и тело прекрасны.*** В современном обществе внешности уделяется слишком много внимания. Поэтому очень важно объяснить ребенку, что его тело и внешность особенные и красивые. Это основа самооценки.

В возрасте от 6 до 10 лет ребенок начинает обращать внимание на свою внешность. В этот период повышается чувствительность к внешней оценке. Родители никогда не должны высказывать негативные замечания о внешности ребенка, потому что ребенок воспринимает слова родителей близко к сердцу. Фразы вроде «У тебя большие уши», «У тебя смуглая кожа», «Ты толстый» формируют комплексы, которые в будущем приводят к неуверенности, застенчивости и социальной изоляции.

Ребенку нужно говорить: «Ты красивый», «У тебя замечательная улыбка», «Ты уникальная личность». Эти слова придают уверенность. Ребенок принимает свою внешность, начинает любить себя. А тот, кто любит себя, любит и других. Он свободно действует в обществе, находит друзей, справляется с трудностями.

Как научить?

- Хвалите внешность ребенка.
- Чаще говорите: «Ты замечательный!»
- Ограничьте влияние социальных сетей.

Жеке гигиена – бұл тек тазалық емес, бұл – өз денеңе деген қамқорлық. Қол жуу, тіс тазалау, жуыну, шаш күтімі, киім тазалығы – бәрі балаға кішкентайынан үйретілуі керек. Бұл дағдылар балада жауапкершілік, тәртіп, өзін-өзі бағалау сезімін қалыптастырады.

Ата-ана балаға гигиенаны міндет ретінде емес, қуаныш ретінде қабылдатуы керек. «Таза болу – өзіңе деген махаббат» екенін түсіндіру маңызды. Бала тазалықты сақтаса, ол өзін жайлы сезінеді, денсаулығы жақсы болады, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынас орнатады.

Ата-ана өз денесіне күтім жасап, балаға үлгі болуы керек. Бала ата-ананың әрекетін қайталайды. Егер ата-ана тазалықты сақтаса, бала да солай етеді. Егер ата-ана өз келбетін мақтан тұтса, бала да өзін мақтан етеді.

4. ***Денсаулыққа қамқор болу – маңызды.*** Бала денсаулығы – оның болашағының кепілі. Гигиена, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі – бала денсаулығының негізі. Оның денесі – керемет құрал: жүгіру, құшақтау, ойнау – бәрі соның арқасында.

Балада өзін-өзі күту дағдылары қалыптасуы үшін ішкі мотивация қажет. Бұл мотивацияны қалыптастыруда ата-ананың үлгісі мен түсіндіруі маңызды. Денсаулыққа қамқорлық – өзін бағалаудың көрінісі.

Қалай үйретуге болады?

- Қол жуу, тіс тазалау сияқты күнделікті әдеттерді қалыптастыру.
- Дұрыс тамақтану туралы әңгімелесу.
- Спортпен айналысуға ынталандыру.

Личная гигиена – это не просто чистота, это забота о своем теле. Мытье рук, чистка зубов, умывание, уход за волосами, чистота одежды – все это нужно прививать ребенку с раннего возраста. Эти навыки формируют чувство ответственности, дисциплины и самооценки.

Родители должны представить гигиену не как обязанность, а как радость. Важно объяснить, что быть чистым – это проявление любви к себе. Если ребенок соблюдает чистоту, он чувствует себя комфортно, сохраняет здоровье и выстраивает хорошие отношения с окружающими.

Родители должны ухаживать за своим телом и быть примером для ребенка. Ребенок повторяет действия родителей. Если родители следят за чистотой, ребенок тоже будет. Если родители гордятся своей внешностью, ребенок тоже будет гордиться собой.

4. ***Забота о здоровье – это важно.*** Здоровье ребенка – залог его будущего. Гигиена, правильное питание, физическая активность – основа здоровья ребенка. Его тело – удивительный инструмент: бегать, обнимать, играть – все благодаря ему.

Чтобы у ребенка сформировались навыки ухода за собой, нужна внутренняя мотивация. В ее формировании важны пример родителей и объяснение. Забота о здоровье – проявление самоуважения.

Как научить?

- Формируйте ежедневные привычки: мыть руки, чистить зубы.
- Беседуйте о правильном питании.
- Поощряйте занятия спортом.



Балаға денсаулыққа қамқор болу дегеніміз – өз денесін жақсы көру, оған күтім жасау, зиянды әрекеттерден аулақ болу екенін түсіндіру керек. Бұл тек дәрігерге бару немесе ауырғанда емделу емес, бұл – күнделікті тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, белсенді болу, ұйқы тәртібін сақтау сияқты қарапайым дағдылар.

Жеке гигиена – денсаулыққа қамқорлықтың алғашқы қадамы. Қол жуу, тіс тазалау, жуыну, таза киім кию – мұның бәрі балаға үйретілуі тиіс. Бұл дағдылар балада тәртіп, жауапкершілік, өзін-өзі құрметтеу сезімін қалыптастырады.

Дұрыс тамақтану – денсаулықтың негізі. Балаға фастфуд пен тәттілердің зиянын, жеміс-жидек пен көкөністің пайдасын түсіндіру маңызды. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру арқылы бала өз ағзасына қамқор болуды үйренеді.

Дене белсенділігі – баланың физикалық және психологиялық дамуына әсер етеді. Ойын, спорт, серуен – бәрі баланың денесін шынықтырып қана қоймай, көңіл-күйін жақсартады, стрессті азайтады.

Ұйқы тәртібі – денсаулықтың тағы бір маңызды бөлігі. Бала уақытылы ұйықтаса, миы жақсы демалады, есте сақтау қабілеті артады, көңіл-күйі тұрақты болады.

5. ***Әр адам – ерекше.*** Балаға: «Сен бәрінен үздік болуға міндетті емессің. Бастысы – өзіңе тапсырылған істі жақсы орындауға тырыс» деп үйретіңіз. Бұл балаға өз қабілетін бағалауға және өзін өзгелермен салыстырмауға көмектеседі.

Бала өзін өзгелермен салыстырғанда, өзін төмен сезінуі мүмкін. Бұл – өзін-өзі бағалауға кері әсер етеді. Ата-ана баланың ерекшелігін мойындаса, бала өзін бағалай бастайды.

Қалай үйретуге болады?

- Балаңыздың қызығушылығын қолдау.
- Қателіктерден қорықпауға үйрету.
- «Сенің талантың ерекше» деп айту.

Баланы үнемі салыстыру – оның сенімін төмендетеді. «Қарашы, көршінің баласы қандай ақылды», «Ағаңдай бол» деген сөздер балада реніш, қызғаныш, өзін төмен сезіну сезімін туындырады. Бұл – ішкі комплекстердің, күйзелістің, мотивацияның жоғалуына себеп болады.

Ал баланың ерекшелігін мойындау – оның қабілетін ашуға жол ашады. Бала өзіне сенімді болады, қателіктен қорықпайды, жаңа нәрселерді үйренуге құлшыныс танытады. Ол өз жолын іздейді, өз күшіне сенеді.

Ребенку нужно объяснить, что забота о здоровье – это любовь к своему телу, уход за ним, избегание вредных привычек. Это не только поход к врачу или лечение при болезни, но и ежедневная гигиена, правильное питание, активность, соблюдение режима сна – простые, но важные навыки.

Личная гигиена – первый шаг к заботе о здоровье. Мытье рук, чистка зубов, умывание, чистая одежда – все это должно быть привито с детства. Эти привычки формируют у ребенка дисциплину, ответственность и уважение к себе.

Правильное питание – основа здоровья. Важно объяснить ребенку вред фастфуда и сладостей, пользу фруктов и овощей. Формируя культуру питания, ребенок учится заботиться о своем организме.

Физическая активность влияет на физическое и психологическое развитие ребенка. Игры, спорт, прогулки укрепляют тело, улучшают настроение, снижают стресс.

Режим сна – еще один важный элемент здоровья. Если ребенок ложится спать вовремя и высыпается, мозг успевает отдохнуть, улучшается память, стабилизируется настроение.

5. ***Каждый человек – уникален.*** Научите ребенка: «Ты не обязан быть лучше всех. Главное – стараться хорошо выполнять то, что тебе поручено». Это помогает ребенку ценить свои способности и не сравнивать себя с другими.

Когда ребенок сравнивает себя с окружающими, он может почувствовать себя хуже. Это негативно влияет на самооценку. Если родители признают уникальность ребенка, он начинает ценить себя.

Как научить?

- Поддерживайте интересы ребенка.
- Учите не бояться ошибок.
- Говорите: «У тебя особенный талант».

Постоянные сравнения снижают уверенность ребенка. Фразы вроде «Посмотри, какой умный соседский ребенок», «Будь, как твой брат» вызывают обиду, зависть и чувство неполноценности. Это приводит к внутренним комплексам, стрессу и потере мотивации.

А признание уникальности ребенка открывает путь к раскрытию его способностей. Он становится уверенным, не боится ошибок, стремится учиться новому, ищет свой путь и верит в свои силы.



Ата-ана баланың қызығушылығын қолдауы керек. Егер бала сурет салуды жақсы көрсе – оны дамытуға көмектесу. Егер бала математикаға қызықпаса – оны күштеп оқытпай, басқа қабілетін табуға жол көрсету. Бұл – баланың өзін табуына, өмірде өз орнын анықтауына көмектеседі.

6. ***Сен жалғыз емессің.*** Балаға «Мен сенің жаныңда болмасам да, сені жақсы көремін және әрдайым есімде ұстаймын» деп айту – оған сенімділік береді. Бұл сөздер баланың ішкі тыныштығын сақтауға көмектеседі.

Балада ажырау қорқынышы болуы мүмкін. Бұл әсіресе балабақшаға немесе мектепке алғаш барғанда байқалады. Ата-ананың тұрақты эмоционалдық қолдауы бұл қорқынышты жеңуге көмектеседі.

Қалай үйретуге болады?

- Балаңызбен тұрақты байланыс орнату.
- Қиын сәттерде қолдау көрсету.
- «Мен әрқашан сенің жаныңдамын» деп айту.

Родители должны поддерживать интересы ребенка. Если он любит рисовать, помогите развивать этот навык. Если ему не интересна математика, не заставляйте, а помогите найти другую сферу, где он сможет раскрыться. Это поможет ребенку найти себя и определить свое место в жизни.

6. ***Ты не один.*** Слова «Даже если я не рядом, я люблю тебя и всегда думаю о тебе» придают ребенку уверенность. Они помогают сохранить внутреннее спокойствие.

У ребенка может быть страх расставания, особенно при первом походе в детский сад или школу. Постоянная эмоциональная поддержка родителей помогает преодолеть этот страх.

Как научить?

- Устанавливайте стабильную связь с ребенком.
- Поддерживайте в трудные моменты.
- Говорите: «Я всегда рядом с тобой».

Бала ата-ананың жанында болмаған сәттерде де өзін жақсы көретінін, есінде ұстайтынын сезінуі керек. Бұл сөздер оның ішкі әлемін нығайтады, жалғыздық сезімін жеңуге көмектеседі.

Кейде ата-ана жұмыста, іссапарда, немесе басқа себептермен баланың жанында бола алмайды. Мұндай сәттерде бала өзін тастап кеткендей сезінуі мүмкін. Сондықтан ата-ана баламен тұрақты байланыс орнатып, оның өміріне қатысып отырғанын көрсетуі керек. Қысқа хабарлама, жылы сөз, кішкентай сыйлық, бірге өткізілген уақыт – бәрі балаға «мен сенің жаныңдамын» дегенді білдіреді.

7. ***Басқалармен бөлісу – жақсы қасиет.*** Ойыншық, білім, сезім – бәрімен бөлісу маңызды. Балаға үлгі көрсетіңіз. Бөлісу – достықтың, сенімнің және сыйластықтың негізі.

Бөлісу – әлеуметтік дағды. Бұл – эгоцентризмнен альтруизмге өтудің белгісі. 4–6 жас аралығында балада «менікі» деген түсінік басым болады, ал бөлісуге үйрету – бұл кезеңнен өтуге көмектеседі.

Қалай үйретуге болады?

- Өзгелермен бөліскенде мақтау.
- Бірге ойнау арқылы бөлісуді үйрету.
- «Бөлісу – мейірімділік» екенін түсіндіру.

Бөлісу – бұл тек затты беру емес, бұл – жанашырлық, сыйластық, сенім және мейірімділік. Балаға басқалармен бөлісуді үйрету – оның әлеуметтік дамуына, достық қарым-қатынас орнатуына және қоғамда өз орнын табуына жол ашады.

Бала алғаш ойыншықпен ойнағанда, оны ешкімге бергісі келмейді. Себебі балада «менікі» деген түсінік басым болады. Бірақ ата-ана дұрыс бағыт берсе, ол достарымен ойыншық, кітап, тәтті, тіпті көңіл-күйін бөлісе алады. Бұл – оның ішкі байлығының көрінісі.

Тек материалдық дүниелермен ғана емес, рухани құндылықтармен де бөлісуге болады. Бала өз білімін, тәжірибесін, қуанышын, тіпті қайғысын бөлісе білсе, сонда ғана шынайы тұлға болып қалыптасады.

Ребенок должен чувствовать, что его любят и помнят, даже когда родители не рядом. Эти слова укрепляют его внутренний мир и помогают справиться с чувством одиночества.

Иногда родители по каким-то причинам не могут быть рядом. В такие моменты ребенок может чувствовать себя покинутым. Поэтому важно поддерживать связь: короткое сообщение, теплые слова, маленький подарок, совместное время – все это говорит ребенку: «Я рядом».

7. ***Делиться с другими – хорошее качество.*** Игрушки, знания, чувства – всем важно делиться. Покажите ребенку пример. Умение делиться, отдавать – основа дружбы, доверия и уважения. Это социальный навык, переход от эгоцентризма к альтруизму. В возрасте 4–6 лет у ребенка преобладает понятие «мое», и научить его делиться с другими помогает пройти этот этап.

Как научить?

- Хвалите, когда ребенок делится.
- Учите делиться через совместные игры.
- Объясняйте, что умение делиться – это проявление доброты.

Поделиться с кем-то – это не просто отдать какую-то вещь, это сочувствие, уважение, доверие и доброта. Умение делиться помогает ребенку развиваться социально, строить дружеские отношения и находить свое место в обществе.

Когда ребенок впервые играет с игрушкой, он не хочет ее никому отдавать. Это связано с тем, что у него ярко выражено чувство «мое». Но если родители направят его правильно, ребенок научится делиться игрушками, книгами, сладостями и даже настроением со своими друзьями. Это является проявлением его внутреннего богатства.

Делиться можно не только материальными вещами, но и духовными ценностями. Если ребенок умеет делиться знаниями, опытом, радостью и даже печалью, именно тогда он становится настоящей личностью.





8. ***«Жоқ» деп айту – кейде дұрыс.*** Бала тәрбиесінде «жоқ» деп айтуға үйрету – оның ішкі еркіндігін, шекара қою қабілетін және өзін-өзі қорғау дағдысын қалыптастырудың маңызды бөлігі. Көп жағдайда ата-аналар баладан бәріне келісуді, бағынуды, «иә» деп жауап беруді күтеді. Бірақ бұл балада өз пікірін білдіруге деген қорқыныш, ішкі қысым, тәуелділік сезімін тудыруы мүмкін.

8. ***Говорить «нет» иногда правильно.*** Умение говорить «нет» – важная часть формирования внутренней свободы, установления личных границ и их защиты. Часто родители ожидают от ребенка согласия, послушания, ответа «да». Но это может вызвать боязнь выражать свое мнение, внутреннее напряжение и зависимость.

«Жоқ» деп айту – бұл қарсылық емес, бұл таңдау. Бала өзінің қалауын, шекарасын, ыңғайсыздықтарын білдіре алуы керек. Егер балаға «жоқ» деп айтуға рұқсат берілмесе, ол болашақта өз пікірін білдіруден қашады, манипуляция мен булингке ұшырауы мүмкін. Өз құқығын қорғай алмайды.

Қалай үйретуге болады?

- «Жоқ» деп айтуға рұқсат беру.
- Өз пікірін білдіруге үйрету.
- Бас тарту мәдениетін қалыптастыру.

9. ***Ата-ананы құрметтеу – маңызды.*** «Біз сені жақсы көргендіктен, қауіпсіздігің мен болашағың үшін бәрін жасаймыз» деп түсіндіріңіз. Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз. Құрмет – өзара сенім мен сыйластықтың негізі.

Құрмет – өзара сенім мен сыйластықтың негізі. Егер ата-ана балаға құрметпен қараса, бала да сол үлгіні қабылдайды. Бұл – «айна нейрондары» арқылы жүзеге асады.

Қалай үйретуге болады?

- Балаға түсіністікпен қарау.
- Қарым-қатынаста сыпайы болу.
- «Сен біз үшін өте маңыздысың» деп айту.

Ата-ананы құрметтеу дегеніміз – олардың еңбегін бағалау, сөзін тыңдау, көмектесу, сыпайы болу, алғыс айту. Бұл – тек сыртқы әрекет емес, бұл – ішкі сезім, шынайы ризашылықтың көрінісі. Бала ата-анасына құрметпен қараса, ол өзіне де, өзгелерге де құрметпен қарайды.

Ата-ана баладан құрмет күтсе, өзі де балаға құрметпен қарауы керек. Бала пікірін тыңдау, сезімін ескеріп, сыпайы сөйлесу – баланың өзіне деген сенімін арттырады. Құрмет – екіжақты қарым-қатынас.

Слово «нет» – это не протест, а выбор. Ребенок должен уметь озвучивать свои желания, определять границы, чтобы избегать дискомфорта. Если ему не разрешают говорить «нет», он не научится защищать свои права, может стать уязвимым в будущем или жертвой манипуляций и травли.

Как научить?

- Разрешайте говорить «нет».
- Учите выражать собственное мнение.
- Формируйте культуру вежливого отказа.

9. ***Уважение к родителям важно.*** Объясните: «Мы делаем все ради твоей безопасности и будущего, потому что любим тебя». Показывайте пример своими поступками. Уважение – основа доверия и взаимного почтения.

Если родители относятся к ребенку с уважением, он перенимает этот пример. Это происходит через «зеркальные» нейроны.

Как научить?

- Проявляйте понимание.
- Будьте вежливы в общении.
- Говорите как можно чаще: «Ты очень важен для нас».

Уважение к родителям – это признание их труда, послушание, помощь, вежливость, благодарность. Это не просто внешние действия, а внутреннее чувство, проявление искренней признательности. Если ребенок уважает родителей, он уважает и себя, и других.

Если родители ждут уважения от ребенка, они сами должны проявлять уважение к нему. Слушать его мнение, учитывать чувства, говорить вежливо – все это укрепляет уверенность ребенка. Уважение – это двусторонняя связь.



10. Не болса да, біз сені жақсы көреміз. Бұл сөзді балаңызға жиі айтыңыз. Ол өзін бағалы, сүйікті және қорғалған сезінеді. Бұл – оның ішкі әлемін қалыптастыратын ең маңызды тірек.

Шартсыз махаббат – баланың ішкі сенімін, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырады. Бұл – баланың өмірдегі қиындықтарға төтеп беру қабілетінің негізі.

Қалай үйретуге болады?

- Күн сайын «Мен сені жақсы көремін» деп айту.
- Қателіктері үшін жазғырмай, түсіндіру.
- Қиын сәттерде қолдау көрсету.

Ата-ананың махаббаты шартсыз. Ол баланың мінезіне, жетістігіне, тәртібіне байланысты емес. Бұл – баланың бар болмысына бағытталған шынайы сезім. Бала бұл махаббатты сезінсе, ол өзін қабылдайды, өзін жақсы көреді, өзгелерге де махаббатпен қарайды.

10. Что бы ни случилось, мы тебя любим. Говорите эту фразу своему ребенку как можно чаще. Она помогает ему чувствовать себя ценным, любимым и защищенным. Это важнейшая опора для формирования его внутреннего мира.

Безусловная любовь формирует внутреннюю уверенность и эмоциональную устойчивость ребенка. Это основа его способности справляться с жизненными трудностями.

Как научить?

- Каждый день говорите: «Я тебя люблю».
- Не ругайте за ошибки, а объясняйте, что сделано неправильно.
- Поддерживайте в трудные моменты.

Родительская любовь безусловна. Она не зависит от характера, достижений или поведения ребенка. Это искреннее чувство, направленное на всю его сущность. Когда ребенок чувствует эту любовь, он принимает себя, любит себя и относится с любовью к другим.

Кейде бала қателік жасайды, ашуланады, тыңдамайды. Бірақ дәл сол сәттерде «Біз сені бәрібір жақсы көреміз» деген сөзді есту – оның ішкі әлемін тыныштандырады. Бұл сөздер баланың жүрегінде өмір бойы сақталады. Олар баланың ішкі сенімін, психологиялық тұрақтылығын, өмірге деген махаббатын қалыптастырады.

Ата-ана балаға махаббатын тек сөзбен емес, әрекетпен де көрсетуі керек. Құшақтау, тыңдау, бірге уақыт өткізу – бәрі махаббаттың көрінісі. Балаға «Сен маған маңыздысың», «Сенің сезіміңді түсінемін», «Сенің бар болғаның – мен үшін бақыт» дегенді сезіндіру – оның болашағына салынған махаббаттың іргетасы.

10 жасқа дейінгі кезең – баланың өмірлік құндылықтары мен мінез-құлқы қалыптасатын ерекше уақыт. Ата-ана ретінде сіздің мақсатыңыз – балаға махаббат, мейірімділік, сенім және жауапкершілік негіздерін үйрету. Бұл қағидалар арқылы балаңыз болашақта өз жолын таба алады, қиындықтармен күресуге дайын болады және қоғамда өз орнын қалыптастырады.

Есіңізде болсын: бала – сіздің айнаңыз. Сіз не көрсетсеңіз, ол соны қабылдайды. Сондықтан өзіңіз де осы құндылықтарды ұстанып, балаңызға үлгі болыңыз.

Дайындаған:

С. Е. Нурахметова,

редактор,
«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты,
Алматы қ.

Иногда ребенок ошибается, злится, не слушается. Но именно в такие моменты услышать: «Мы все равно тебя любим» успокаивает его внутренний мир. Эти слова остаются в сердце на всю жизнь. Они формируют внутреннюю уверенность, психологическую устойчивость и любовь к жизни.

Родители должны выражать любовь не только словами, но и поступками. Внимание, объятия, поцелуи, совместно проведенное время – все это проявления любви. Дать ребенку почувствовать «Ты важен для меня», «Я понимаю твои чувства», «Твое существование – моя радость» – это фундамент любви, заложенный в его будущее.

Период до 10 лет – особенное время, когда формируются жизненные ценности и характер ребенка. Ваша задача как родителя – научить его любви, доброте, доверию и ответственности. Благодаря этим принципам ваш ребенок сможет найти свой путь, быть готовым к трудностям и занять достойное место в обществе.

Помните: ребенок – это ваше зеркало. Что вы показываете, то он и принимает. Поэтому сами придерживайтесь этих ценностей и будьте примером для своего ребенка.

Подготовила


С. Е. Нурахметова,

редактор,
Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы

HTTPS://CHILDDEVELOP.INFO/ARTICLES/UPBRING/8254/

12–14 ЖАС – ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ДАҒДАРЫС
АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС

БЕЛГІЛЕРІН БАЙҚАУ:



✓ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ СЕЗІМТАЛДЫҒЫНЫҢ АРТУЫ



✓ ӨЗІН ҰСТАЙ АЛМАУШЫЛЫҚ



✓ АШУШАҢДЫЛЫҚ




✓ КӨҢІЛ-КҮЙДІҢ КҮРТ ӨЗГЕРУІ




✓ НЕМҚҰРАЙЛЫҚ

12–14 ЛЕТ – ПОДРОСТКОВЫЙ КРИЗИС
СОВЕТЫ РОДИТЕЛЯМ

УВИДЕТЬ ПРИЗНАКИ:











12–14 ЖАС – ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ДАҒДАРЫС
АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС


НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?



✓ ЕРЕСЕК АДАММЕН СӨЙЛЕСКЕНДЕЙ СӨЙЛЕСУ.
✓ АЙЫПТАУ, СЫНАУ, ҚОРҚЫТУ, МӘЖБІРЛЕУ ЖӘНЕ ҰЗАҚ ЕСКЕРТУЛЕРДЕН АУЛАҚ БОЛУ.



✓ БОСТАНДЫҚ ПЕН БАҚЫЛАУДЫҢ АРАСЫНАН ТЕПЕ-ТЕҢДІК ТАБУ.
✓ ӨЗ ПІКІРІН КҮШТЕП ЕНГІЗБЕУ.



✓ ҚОЛДАУ МЕН КӨМЕК КӨРСЕТУ.
✓ ТҮСІНІСТІКПЕН ЖӘНЕ САБЫРМЕН ҚАРАУ.

12–14 ЛЕТ – ПОДРОСТКОВЫЙ КРИЗИС
СОВЕТЫ РОДИТЕЛЯМ







БАЛАЛАРҒА ДЕТЯМ





МАҒАН НЕ ОҚИТЫНЫҢДЫ АЙТ, МЕН СЕНІҢ КІМ ЕКЕНІҢДІ АЙТАМЫН

СКАЖИ, ЧТО ТЫ ЧИТАЕШЬ, И Я СКАЖУ, КТО ТЫ

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР КІТАПХАНАСЫ: ОҚЫРМАНҒА ЖАҚЫН МӘДЕНИ ОРТА

М. М. Мұхаммедова,
Қазақстан Жазушылар кітапханасының жетекшісі, Алматы қ.

Алматы – еліміздің оңтүстік астанасы, тарихи жады мен заманауи үрдістер тоғысқан, мәдени инфрақұрылымы үздіксіз дамып келе жатқан ірі мәдениет ошағы.

Қала мәдениеті театр мен музейлер аясымен шектелмей, күнделікті қалалық кеңістікте қалыптасатын қоғамдық тәжірибелер арқылы

КАЗАХСТАНСКАЯ БИБЛИОТЕКА ПИСАТЕЛЕЙ: КУЛЬТУРНАЯ СРЕДА, БЛИЗКАЯ ЧИТАТЕЛЮ

М. М. Мухаммедова,
руководитель Казахстанской библиотеки писателей, г. Алматы

Алматы – южная столица нашей страны, крупный культурный центр, где переплетаются историческая память и современные тенденции, культурная инфраструктура которого непрерывно развивается.

Городская культура не ограничивается рамками театров и музеев, она проявляется через

айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда мәдениет қаланың сыртқы көрінісін ғана емес, оның әлеуметтік және зияткерлік мазмұнын айқындайтын маңызды қоғамдық факторға айналып отыр.

Аталған үдерістер аясында Алматы кітапханалары қалалық мәдени кеңістіктегі рухани байланыстың негізгі институттарының бірі ретінде қызмет атқарады.

Қазіргі таңда қала бойынша 31 кітапхана филиалы жұмыс істейді, сонымен қатар метро бекеттерінде, комьюнити және сауда орталықтарында орналасқан 24 автономды кітапхана заманауи форматтағы қызметтің тиімді үлгісін көрсетіп отыр. Бұл бастамалар кітапқа қолжетімділікті арттырып, оқырман мен ақпарат арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Қаланың мәдени жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ***Қазақстан Жазушылар кітапханасы*** бүгінгі оқырманның өмір ырғағына бейімделген ашық форматта жұмыс жүргізуде. Кітапхана тек кітап қоры сақталатын орын ғана емес, еркін пікір алмасуға, зияткерлік диалог орнатуға мүмкіндік беретін қоғамдық орта ретінде қалыптасқан. Қызмет көрсету барысында оқырманның қажеттілігі мен ыңғайы негізгі басымдыққа алынып, осы бағыттағы жүйелі жұмыстың нәтижесінде кітапханаға келушілер санының тұрақты өсімі байқалады.

общественные практики, формирующиеся в повседневном городском пространстве. В этом отношении культура становится важным общественным фактором, определяющим не только внешний облик города, но и его социальное и интеллектуальное содержание.

В рамках указанных процессов алматинские библиотеки выступают одним из ключевых институтов духовной связи в городском культурном пространстве.

На сегодняшний день в городе функционируют 31 библиотечный филиал, а также 24 автономные библиотеки, расположенные на станциях метро, в комьюнити- и торговых центрах, демонстрирующие эффективный пример современного формата обслуживания. Эти инициативы направлены на расширение доступа к книгам и вывод взаимодействия между читателем и информацией на новый уровень.

Как важная составляющая культурной системы города, ***Казахстанская библиотека писателей*** работает в открытом формате, адаптированном к ритму жизни современного читателя. Библиотека представляет собой не только место хранения книжного фонда, но и общественную среду, где можно свободно обмениваться мнениями и вести интеллектуальный диалог. В процессе обслуживания приоритет отдается потребностям и удобству читателя, и благодаря системной работе в этом направлении наблюдается стабильный рост числа посетителей библиотеки.



Әртүрлі оқырман аудиториясымен жұмыс істеу *– кітапхана қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі*. Бұл бағытта оқу мәдениеті тек мәтінді тұтынумен шектелмей, тірі қарым-қатынас пен талдауға негізделген орта арқылы қалыптастырылады. Әдеби және шығармашылық кездесулер, ашық пікірталас форматындағы іс-шаралар жастардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Кітапхана қызметі мектеп жасындағы оқырмандарды да қамтитын тұрақты даму ортасын қалыптастыруға бағытталған. Балалардың қызығушылығына сәйкес зияткерлік, мәдени және ұлттық бағыттағы үйірмелер ұйымдастырылып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасалады.

Работа с различными читательскими аудиториями *является одним из стратегических направлений деятельности библиотеки*. В этом контексте культура чтения формируется не только через потребление текста, но и посредством живого общения и анализа. Литературные и творческие встречи, мероприятия в формате открытых дискуссий способствуют развитию критического мышления у молодежи.

Деятельность библиотеки направлена на создание устойчивой среды развития, охватывающей и школьников. В соответствии с интересами детей организуются кружки интеллектуального, культурного и национального направления, создаются условия для раскрытия их творческого потенциала.



Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты **– баланың кітапханамен байланысын ерте кезеңнен қалыптастырып, оқуды күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру.**

Осы бағыттағы жүйелі бастамалардың бірі – мектептермен бірлесе жүзеге асырылып жатқан «***Кітап оқитын ұлт***» жобасы аясындағы оқырман клубтары. Жыл қорытындысында өткізілетін «***Оқитын ұлт: Кітап клубы***» атты интеллектуалды-шығармашылық батл оқушылардың мәтінді талдау, өз көзқарасын дәлелдеу және пікірді ғылыми негізде жеткізу қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Жоба аясында кітапханамыз №175 «Жаңа Ғасыр» гимназиясы және №72 жалпы білім беретін мектеппен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатты. Аталған білім беру мекемелерімен бірлесіп, жоспарлы түрде айына бір рет кітап талқысы ұйымдастырылып келеді. Кітап талқылар дәстүрлі форматпен шектелмей, рөлдік ойындар, пікірталастар, конференциялар, сахналық қойылымдар, интерактивті ойындар және басқа да креативті әдістер арқылы өткізіледі. Мұндай алуан түрлі форматтар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып қана қоймай, олардың оқыған шығарманы терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Основная цель этих инициатив **– сформировать связь ребенка с библиотекой на раннем этапе и превратить чтение в неотъемлемую часть его повседневной жизни.**

Одним из системных проектов в этом направлении являются читательские клубы в рамках инициативы ***«Читающая нация»***, реализуемой совместно со школами. Итоговым событием года становится интеллектуально-творческий батл ***«Читающая нация: Книжный клуб»,*** который способствует развитию у школьников навыков анализа текста, аргументации собственной позиции и научного обоснования мнений.

В рамках проекта библиотека установила тесное партнерство с гимназией №175 «Жаңа Ғасыр» и средней школой №72. Совместно с этими образовательными учреждениями ежемесячно проводится обсуждение книг. Формат встреч не ограничивается традиционным обсуждением: используются ролевые игры, дебаты, конференции, театрализованные постановки, интерактивные игры и другие креативные методы. Такая разнообразная форма работы не только развивает творческое мышление учащихся, но и помогает им глубже понять прочитанное произведение.

Кітап оқытудың заманауи әрі интерактивті тәсілдері оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, сабақтан тыс уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізуіне оң әсерін тигізеді. Нәтижесінде оқушылардың кітап оқу мәдениеті қалыптасып, пікір білдіру, өз ойын еркін жеткізу дағдылары айқын байқала бастады.

Ал студент жастарға арналған «***Шырақ***» оқырман клубы еркін ойлау мен аналитикалық талдауға бағытталған пікір алаңы ретінде қызмет етеді. Оқырман клубтарының тұрақты жұмысы оқуды жеке әрекеттен ортақ зияткерлік тәжірибеге айналдыруға мүмкіндік беріп отыр.

Кітапханамыздың балалар бөлімінде қазіргі заман талабына сай, баланың жан дүниесін ізгілікке, мейірімге, достыққа және қиял әлеміне жетелейтін көркем әдебиеттер кеңінен ұсынылады. Қорымызда отандық және шетелдік авторлардың баланың жас ерекшелігіне қарай тәрбиелік мәні жоғары шығармалары жинақталған.

Мектепке дейінгі және бастауыш сынып жасындағы балаларға арналған балалардың қызығушылығын тудыратын, кейде қисынсыз көрінетін«***Анау не? Мынау не?***» топтамасы сұрақтарға бала тілімен түсінікті әрі жеңіл жауаптар береді.

Современные интерактивные методы вовлечения в чтение повышают интерес школьников к книгам и способствуют содержательному проведению внеурочного времени. В результате у учащихся формируется культура чтения, проявляются навыки свободного выражения мыслей и аргументации.

Для ***студенческой молодежи*** действует ***читательский клуб «Шырақ»,*** который служит площадкой для свободного мышления и аналитического анализа. Регулярная работа клубов превращает чтение из индивидуального занятия в коллективный интеллектуальный опыт.

В ***детском отделе нашей библиотеки*** широко представлены художественные произведения, отвечающие современным требованиям и ведущие ребенка в мир доброты, милосердия, дружбы и фантазии. В нашем фонде собраны произведения отечественных и зарубежных авторов, обладающие высоким воспитательным значением и учитывающие возрастные особенности детей.

Для ***дошкольников и младших школьников*** предназначена ***серия «Что это? А что то?»***, которая вызывает у детей интерес и дает простые и понятные ответы на вопросы, порой кажущиеся нелепыми.

Ал «Тыңда, балам, ертегі», «Шығыстың ұлылары», «Даңқты адамдар» топтамалары қазақ және әлем тарихындағы ұлы тұлғалардың өмірі мен атқарған қызметін, ерлік істерін жас оқырманға жеңіл тілмен, тартымды форматта жеткізеді.

Мектеп оқушылары арасында ерекше сұранысқа ие топтамалардың бірі – «***1100 қызықты дерек***». Әлемнің сан қырлы құпиясын ашатын, құрлық пен теңіздегі таңғажайып құбылыстар туралы тың мәліметтер беретін бұл кітаптар ең көп оқылатын басылымдар қатарында.

Серии «Послушай, сынок, сказку», «Великие мыслители Востока», «Знаменитые люди» знакомят юных читателей с жизнью, деятельностью и подвигами великих личностей Казахстана и мира в легкой и увлекательной форме.

Одной из самых востребованных серий среди школьников является ***«1100 интересных фактов».*** Эти книги, раскрывающие многообразные тайны мира и рассказывающие об удивительных явлениях на суше и море, входят в число самых читаемых изданий.





Сонымен қатар, қазіргі балалардың қызығушылығына айналған комикстарды да кітапхана сөрелерінен табуға болады: кішкентай оқырмандарымыздың ең сүйікті комикстерінің бірі – «*Гравити Фолз*».

Кітапханамыздың басты ерекшеліктерінің бірі – жас жеткіншектерге үш тілде кітап ұсына алуымыз. Оқырмандар өз қалауына қарай әлем әдебиетін қазақ тілінде, ал қазақ балалар шығармаларын орыс және ағылшын тілдерінде оқуға мүмкіндік алады.

Кітапхана қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – ***әртүрлі қажеттілігі бар оқырмандар үшін тең қолжетімді орта қалыптастыру.*** Осы ұстаным аясында Алматы қаласындағы 7 кітапхана филиалында зағип және нашар көретін азаматтарға арналған инклюзивті бұрыштар тұрақты жұмыс істейді.

Кроме того, на полках библиотеки можно найти комиксы, ставшие любимыми для современных детей. Одним из самых популярных среди маленьких читателей является ***«Гравити Фолз».***

Одной из главных особенностей нашей библиотеки является возможность предложить юным читателям книги на трех языках. По желанию они могут познакомиться с мировой литературой на казахском языке, а казахские детские произведения прочитать на русском и английском языках.

Одним из важных направлений деятельности библиотеки является создание ***равнодоступной среды для читателей с различными потребностями***. В этом контексте в семи филиалах библиотек Алматы функционируют *инклюзивные уголки для незрячих и слабовидящих граждан.*

Бұл бағыттағы қызмет Қазақстан Жазушылар кітапханасында да жүйелі түрде жүзеге асырылып, арнайы маманның қатысуымен Брайль қарпі бойынша оқу және жазу дағдыларын, сондай-ақ дыбысталған компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуді үйретуге арналған практикалық сабақтар өткізіледі.

Сонымен қатар кітапхана бұл бағыттағы қызметін жеке оқыту шеңберімен шектемей, әлеуметтік-маңызды іс-шаралар арқылы кеңейтіп отыр. ***Халықаралық зағиптар күніне орай*** «Қайрат» футбол клубы жанынан құрылған зағип жандарға арналған «Blind Football» командасының өкілдерімен өткен кездесу – кітапхананың инклюзивті кеңістік ретіндегі рөлін айқындайтын маңызды тәжірибе болды.

Мұндай кездесулер көру қабілеті шектеулі жандардың қоғамдағы белсенді өмірін, жетістіктерін танытуға және оқырмандар арасында өзара түсіністік пен қолдауды нығайтуға мүмкіндік береді. Осындай жүйелі жұмыс пен мазмұнды іс-шаралар арқылы кітапхана көру қабілеті шектеулі жандардың қоғамға белсенді араласуына, өз мүмкіндігін кеңінен көрсетуіне және әлеуметтік ортада өзін еркін сезінуіне ықпал етеді. Мұндай тәжірибелер кітапхананың ақпарат көзі ғана емес, әлеуметтік бейімделу мен тең қатысуды қамтамасыз ететін мәдени алаң ретіндегі рөлін айқындайды.

Жалпы алғанда, Қазақстан Жазушылар кітапханасы оқу мәдениетін дамыту, қоғамдық диалогты нығайту және мәдени кеңістікті жаңғырту бағытында заманауи тәсілдерді жүйелі түрде енгізіп келеді. Ашық форматтағы жұмыс, қолайлы инфрақұрылым және оқырманға бағдарланған қызмет кітапханаларды қаланың мәдени өміріндегі белсенді әрі тұрақты дамып отырған институт ретінде орнықтыруға мүмкіндік беріп отыр.

Подобная работа системно реализуется и в Казахстанской библиотеке писателей: при участии специалиста проводятся практические занятия по обучению чтению и письму шрифтом Брайля, а также работе с озвученными компьютерными программами.

Кроме индивидуального обучения библиотека расширяет деятельность через ***социально значимые мероприятия.*** Так, встреча с представителями команды «Blind Football», созданной при футбольном клубе «Кайрат» в честь Международного дня слепых, стала ярким примером роли библиотеки как инклюзивного пространства.

Подобные мероприятия позволяют показать активную жизнь и достижения людей с ограниченным зрением, укрепляют взаимопонимание и поддержку среди читателей. Благодаря системной работе и содержательным инициативам библиотека способствует активному включению слабовидящих граждан в общественную жизнь, раскрытию их возможностей и формированию чувства свободы в социальной среде. Такие практики подчеркивают роль библиотеки не только как источника информации, но и как культурной площадки, обеспечивающей социальную адаптацию и равное участие.

В целом Казахстанская библиотека писателей последовательно внедряет современные подходы в развитии культуры чтения, укреплении общественного диалога и обновлении культурного пространства. Открытый формат работы, удобная инфраструктура и ориентированность на читателя позволяют библиотекам утвердиться как активный и устойчиво развивающийся институт в культурной жизни города.





ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІН ҰСЫНАМЫЗ

▶ ***«Мұзбалақ».*** Ерте заманда қазақ ауылына қауіп төндірген абжылан мен айдаһардың оқиғасы баяндалады. Қара ниетті Шегірдің кесірінен жер астынан шыққан абжылан ауылды отқа орап, елді үрейге бөледі. Сол сәтте ана бүркіт балапанын қорғап, абжыланмен айқасып, оны жер астына қайта қуып тастайды. Бірақ ауыл адамдары айдаһардың күн тұтылғанда қайта шығатынын біліп, оны жеңе алатын жалғыз күш – қыран бүркіт екенін түсінеді.

Ақтай мен Шегір Мұзбалақты іздеп тауып, оны баптауға кіріседі. Бірақ екеуінің көзқарасы екі түрлі: тоғышар Шегір қыранды өз пайдасына жаратқысы келсе, ақ жүрек Ақтай Мұзбалаққа еркіндік сыйлап, адал дос болуға серттеседі. Соңында Ақтай мен Мұзбалақ алып айдаһарды жеңіп, ауылды қара күштен құтқарады. Бұл мультфильм балаларға батылдық, адалдық және табиғатқа деген сүйіспеншілікті үйретеді.

Мультфильм қазақ халқының қыран құсты ерекше құрметтеген дәстүрін көрсетеді.

Балаларға арналған бұл туындыда ұлттық мәдениет пен табиғатқа деген сүйіспеншілік ерекше бейнеленген. Әрбір көрініс қазақ даласының әсемдігін көрсетіп, жас көрермендерді туған жерін қадірлеуге шақырады.

КАЗАХСКАЯ АНИМАЦИЯ: НОВАЯ ВОЛНА


КАЗАХСКИЕ МУЛЬТФИЛЬМЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ

▶ ***«Мұзбалақ».*** В мультфильме рассказывается история о событиях далеких времен, когда казахскому аулу угрожали змей-абжылан и дракон. По вине злого Шегира из-под земли выходит абжылан, охватывает аул огнем и вселяет в людей страх. В этот момент мать-орлица защищает своего птенца, вступает в схватку с абжыланом и загоняет его обратно под землю. Однако жители понимают, что дракон вновь появится во время солнечного затмения, и победить его сможет только могучий орел.

Актаю и Шегиру удается найти Музбалака и начать его воспитание. Но их взгляды различны: корыстный Шегир хочет использовать орла в своих целях, тогда как чистосердечный Актай обещает подарить ему свободу и стать верным другом. В итоге Актай вместе с Музбалаком побеждают огромного дракона и освобождают аул от темных сил.

Этот мультфильм учит детей смелости, верности и любви к природе. Он отражает традицию казахского народа особым образом почитать степного орла – символа силы и свободы.

В детском произведении ярко показана любовь к национальной культуре и природе. Каждая сцена демонстрирует красоту казахской степи и призывает юных зрителей бережно относиться к родной земле.


Мұзбалақ
6+



▶ ***«Тоқаш пен Бақаш»*** – отбасылық анимациялық сериал. Тоқаш кішкентай досына қамқор болып, оны үнемі мазалайтын құлықтан қорғауға тырысады. Балаларға арналған бұл туынды достықтың шынайы құндылығын көрсетіп, қамқорлық пен жауапкершілікті дәріптейді.

Сюжет барысында Тоқаш досына қауіпсіз орын іздеп, оны үйіне орналастыруға әрекет жасайды. Бірақ әрбір эпизодта олар жаңа сынақтарға тап болып, қиындықтарды бірге еңсереді. Мультсериал балаларды адалдыққа, бір-біріне көмектесуге және табиғатты аялауға үйретеді. Сонымен қатар, ол қазақ анимациясының жаңа жетістігі ретінде ұлттық мәдениетті таныстырады.

Әрбір көрініс балаларға қуаныш пен достықтың маңызын жеткізеді. Мультфильмнің мазмұны жеңіл әрі күлкілі сәттерге толы. Ол балалардың көңіл-күйін көтерумен қатар, достық пен ынтымақтың құндылығын үйретеді.

▶ ***«Тоқаш пен Бақаш»*** – семейный анимационный сериал. Токаш заботится о своем маленьком друге и старается защитить его от постоянных проделок и хитростей. Этот мультфильм показывает истинную ценность дружбы, воспитывает чувство заботы и ответственности.

В ходе сюжета Токаш ищет для друга безопасное место и пытается устроить его у себя дома. Но в каждом эпизоде они сталкиваются с новыми испытаниями и вместе преодолевают трудности.

Мультсериал учит детей честности, взаимопомощи и бережному отношению к природе. Кроме того, он является новым достижением казахской анимации, знакомит зрителей с национальной культурой.

Каждая сцена передает детям радость и важность дружбы. Сюжет мультфильма легкий и наполнен забавными моментами. Он не только поднимает детям настроение, но и учит их ценности дружбы и взаимопомощи.



▶ ***«Оқсыз оқиғасы».*** Бұл мультфильм әлемге әйгілі ғалым, Екінші Ұстаз атанған Ұлы Дана-әл-Фарабидің балалық шағын баяндайды. Оқиғада жас Фарабидің білімге деген құштарлығы, табиғатқа қызығушылығы және ойшылдыққа алғашқы қадамдары көрсетіледі. Балаларға арналған бұл туындыда ізденіс пен еңбектің маңызы ерекше ашылады.

Мультфильм жас көрермендерді ғылымға, білімге және арманға жетелеуге бағытталған. Ол балаларға өз армандарынан бас тартпай, талмай ізденуге үйретеді.

Сонымен қатар, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын таныстырып, ұлттық мақтаныш сезімін оятады.

▶ ***«Оқсыз оқиғасы».*** Этот мультфильм рассказывает о детстве великого мыслителя, известного всему миру ученого, получившего титул Второго Учителя – аль-Фараби. В сюжете показаны стремление юного Фараби к знаниям, его интерес к природе и первые шаги на пути к философскому мышлению.

Произведение для детей подчеркивает особое значение поиска и труда, вдохновляя юных зрителей на любознательность, настойчивость и уважение к науке.

Мультфильм направлен на то, чтобы вдохновить юных зрителей на науку, знания и мечты. Он учит детей не отказываться от своих стремлений и настойчиво искать пути их осуществления.

Кроме того, произведение знакомит с культурой и историей казахского народа, пробуждая чувство национальной гордости и уважения к своим корням.





▶ ***«Ғажайып бақ».*** Бұл мультфильм қазақ халық ертегілерінің негізінде жасалған. Басты оқиғада балаға сыйға берілген алма арқылы ғажайып бақ өсіп шығады. Оқиға достық, мейірім және еңбектің құдіретін көрсетеді.


Мультфильмнің көріністері балаларды табиғатты аялауға, жақсылық жасауға үйретеді. Қазақ ертегілерінің рухын сақтай отырып, ол жас көрермендерге ұлттық құндылықтарды жеткізеді.

▶ ***«Волшебный сад».*** Этот мультфильм создан на основе казахских народных сказок. В центре сюжета – история о мальчике, которому подарили яблоко, из которого вырастает чудесный сад.

Сюжет показывает силу дружбы, доброты и труда. Каждая сцена учит детей бережному отношению к природе и стремлению делать добро.

Сохраняя дух казахских сказок, мультфильм доносит до юных зрителей национальные ценности и культурное наследие.





▶ ***«Көксерек».***
Бұл мультфильм қазақ әдебиетінің классикалық шығармасы негізінде түсірілген. Көксерек – қасқырдың өмірі мен оның адамдармен қарым-қатынасы туралы әсерлі оқиға. Балаларға табиғаттағы жануарлардың мінез-құлқын түсінуге мүмкіндік береді.

Мультфильмде достық пен қайырымдылықтың маңызы айқын көрінеді. Ол балаларды жануарларға қамқор болуға, табиғатты қорғауға және адамгершілікке тәрбиелейді.

▶ ***«Көксерек».***
Этот мультфильм создан на основе классического произведения казахской литературы.
«Коксерек» – трогательная история о жизни волка и его взаимоотношениях с людьми. Она дает детям возможность понять поведение животных в природе.

В мультфильме ярко показано значение дружбы и доброты. Он воспитывает у детей заботу о животных, бережное отношение к природе и прививает ценности человечности.

КЕНЕСІ

СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА

КЕНЕСІ

СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА

КЕНЕСІ

СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА

КЕНЕСІ

БАЛАЛАРҒА

НЕЙРОГРАФИКА

С.Е. Башкаева,
психолог, қоғам және медиамен өзара іс-қимыл бөлімінің маманы, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-парктикалық институты,

Алматым,.қ

Бүгін біз нейрографиканы меңгереміз.

Нейрографика – тиімді шығармашылық әдіс. Оның көмегімен адам бойындағы шектеулі сенімдерді, ішкі сынды, мазасыздық пен қорқынышты, сондай-ақ өзіне деген сенімсіздікті жеңуге болады.

Нейрографика ішкі кедергілерден арылуға және алға қойған мақсатқа сай келетін жаңа нейрондық кодты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сурет салу арқылы біз шындық туралы түсінігімізді өзгертіп, жаңа әсерлер қалыптастырамыз. Осы жаңа болмысты санамызда «жандандырып», өмірлік жағдайларды басқара бастаймыз.

Нейрографика бізге өз ойларымызды, сезімдеріміз бен әсерлерімізді түрлі техникалар арқылы ерекше визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді:

- сурет салу;
- анимация;
- виртуалды шындық.

Арнайы уақыт бөліңіз: нейрографикаға терең бойлау және суретті толық аяқтау орта есеппен 2 сағаттан 4 сағатқа дейін уақытты алады.

ДЕТЯМ

НЕЙРОГРАФИКА

С. Е. Башкаева,
психолог, специалист отдела взаимодействия с обществом и медиа, Национальный научно-практический институт благополучия детей «Оркен», г. Алматы

Освоим сегодня нейрографику.


Нейрографика – эффективный творческий метод. С его помощью можно проработать ограничивающие установки, внутреннего критика, тревоги, страхи, неуверенность в себе.

Нейрографика дает возможность снять внутренние ограничения и сформировать новый нейронный код, который будет соответствовать поставленной задаче. Рисуя, мы меняем впечатления о реальности, формируем новые. Мы «оживляем» эту новую реальность для сознания и начинаем управлять обстоятельствами.

Нейрографика позволяет нам выразить свои мысли, чувства и впечатления в уникальной визуальной форме, используя различные техники и методы:

- рисование;
- анимация;
- виртуальная реальность.

Выделите достаточно времени: в среднем погружение в нейрографику и создание рисунка занимает от 2 до 4 часов.



Жас ерекшелігі: 12–17 жас.
Мақсаты:
- тынығу;
- саналы ойлау;
- нақты бір сұраныспен (эмоция / жағдай) жұмыс істеу.

Материалдар:
- А3 форматындағы қағаз (қатты болғаны дұрыс);
- қара маркер (жуан / орташа);
- жіңішке маркерлер немесе қара түсті қалам;
- түрлі-түсті фломастерлер / маркерлік қаламдар / акварельді бояулар;
- қарындаш;
- өшіргіш;
- жапсырмалар / кішкентай фигуралар;
- жабысқақ лента;
- қағаз майлық.

Фондағы музыка (баяу, тыныш).

Нұсқаулық
- Қағаз ды көлденең немесе тігінен қойыңыз (қалауыңызша).

Ережелер:
- ешкім өзгенің жұмысын сынамайды;
- тек ерікті түрде ой бөлісу;
- біз бейнелеп жатқанымыз – көркем туынды емес, ішкі өзгерістің үдерісі.
- егер қиын болса, шетке шығып демалып, біраз уақыттан соң қайта оралуға болады;
- әдемі болуы да, онша емес болуы да мүмкін, ең бастысы – шынайылық.

Возраст: 12–17 лет.
Цели:
- расслабление;
- осознание;
- работа с одним запросом (эмоция / ситуация).

Материалы:
- бумага А3 (лучше плотная) или планшет с бумагой;
- черный маркер (толстый / средний);
- тонкие маркеры или черная гелевая ручка;
- цветные фломастеры / маркерные ручки / акварельные карандаши;
- карандаш
- ластик;
- наклейки / маленькие фигурки;
- пластиковая подложка;
- скотч;
- салфетки.

Фоновая музыка (тихая, спокойная).

Инструкция
- Положите бумагу или поставьте ее вертикально (по желанию).

Правила:
- никто не критикует работу другого;
- можно делиться мыслями добровольно;
- что рисуем – не картина, а процесс;
- если станет тяжело, можно отойти и через какое-то время вернуться;
- можно и красиво, и не очень, главное – честность.



Кіріспе

Көзіңізді 4 секундқа жұмыңыз. Өзіңіз жұмыс істегіңіз келетін бір жағдайды немесе сезімді елестетіңіз. Оны ойша бір – екі сөзбен атаңыз.

Ойыңызды 3–6 сөзбен тұжырымдаңыз (іштей немесе дауыстап).

Мысалы: бақылау жұмысына дейінгі күйзеліс, көбірек сенімділікке ұмтылу, достықтағы қиындықтар және т.б.

Жылыту кезеңі – автоматты сызықтар. Қара маркер алыңыз. Сызықтардың әдемі шығуы туралы ойламаңыз: қағаз бетіне еркін, ойға келген сызықтарды жүргізіңіз – толқындар, зигзагтар, шеңберлер. Қолыңыз өзі қозғалғандай болсын. 6–10 сызық салыңыз. Бағытты өзгертуге болады, шеттерден ортасына қарай жүргізуге де рұқсат.

Маңызды кеңес: суреттің бір бөлігіне ұзақ тоқтап қалмаңыз – динамика қажет.

Тірек нүктелерін жасау. Суретке қараңыз. Осы тақырыптың ортасы қай жерде? Сол жерге жеңіл белгі қойыңыз.

Енді ескі сызықтарды кесіп өтетін жаңа сызықтар жүргізіңіз. Оларды бірқалыпты етіңіз. Сызықтар белгіленген нүктені айналып өтіп жатқандай болсын. Геометриялық дәлдікке тырыспаңыз – еркіндік беріңіз. Мақсат – байланыс торын құру.

Мәселен, қағаздың шетінен бастап сызықтарды ішке қарай жүргізіп, әртүрлі бөліктерді байланыстыруға болады.

Қиылыстарды дөңгелектеу. Сызықтар қиылысқан жерлерде бұрышты жұмсартып, дөңгелек етіп жасаңыз. Симметрияға ұмтылудың қажеті жоқ, тек бұрыштарды тегістеңіз. Бұл тәсіл миға реакцияны «қайта жазуға» көмектеседі.

Қандай фигуралар, бейнелер пайда болды? Бұл ағаш па, жүрек пе, әлде жол ма?

1–2 пішінді белгілеу қажет. Оларды қоюырақ түспен айқындап немесе жеңіл штрихпен бояп шығыңыз – бұл қабылдауды күшейтеді.

Егер мақсатыңыз релаксация болса – жұмсақ түстерді, ал энергия жинау болса – жылы әрі қанық түстерді пайдаланыңыз.

Түспен толтыру:

- тыныштық үшін: көк, жасыл, ашық реңктері;
- сенімділік үшін: сары, қызғылт сары;
- қақтығыстармен жұмыс істеу үшін: аралас, қарама-қайшы (контраст) түстер.

Вступление

Закройте глаза на 4 секунды. Представьте одну ситуацию / чувство, с которыми хотите поработать. Просто обозначьте его мысленно – пару слов.

Просьба сформулировать запрос в 3–6 словах (про себя или вслух).

Например: стресс перед контрольной, хочу больше уверенности, сложности в дружбе и т. п.

Разогрев – автоматические линии. Возьмите черный маркер. Не думайте о красивых линиях: проводите произвольные, свободные линии по бумаге: волны, зигзаги, круги. Пусть рука двигается сама. Делайте 6–10 линий. Можете менять направление, идти от краев к центру.

Важная подсказка: не останавливайтесь долго на одной части рисунка – необходима динамика.

Создание опорных точек. Посмотрите на рисунок. Где вам кажется центр этой темы? Поставьте туда легкую метку.

Теперь проводите новые линии, которые пересекают старые. Делайте их плавными. Пусть линии будто «идут» вокруг метки. Не вычерчивайте геометрию – больше свободы. Цель – создать сеть связей.

Например, можно начать от края бумаги и вести линии внутрь, соединяя разные участки.

Закругление пересечений. Там, где линии пересекаются, сделайте округлость, как будто смягчаете угол. Не стремитесь к симметрии, просто сглаживайте. Это помогает мозгу «переписать» реакцию.

Какие фигуры, образы появляются? Это дерево, сердце, дорога?

Нужно обозначить 1–2 формы. Подчеркните их более темным цветом или закрасьте легким штрихом – это усиливает восприятие.

Если цель релаксация, используйте мягкие пастельные цвета, для энергии – теплые насыщенные.

Цветовое наполнение:

- для спокойствия: синие, зеленые, пастельные;
- для уверенности: желтые, оранжевые;
- для проработки конфликтов: смешанные, контрастные.

АТА-АНАЛАРҒА | РОДИТЕЛЯМ |

Т. Элерстің «Жетістікке жету мотивациясы» сауалнамасы

Өз мотивацияңыздың деңгейін тексеру үшін ***Т. Элерстің «Жетістікке жету мотивациясы»*** сауалнамасынан өтуді ұсынамыз.

Сауалнама тұлғаның жетістікке жетуге бағытталған мотивациялық ұстанымын анықтауға арналған.

Жетістікке деген мотивацияның айқындылық деңгейі кілтпен сәйкес келетін ұпайлар саны арқылы бағаланады.

Нұсқаулық. Сізге 41 сұрақ ұсынылады, олардың әрқайсысына «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру қажет.

Сұрақтар

1. Екі нұсқаның бірін таңдау керек болса, оны кейінге қалдырмай, тезірек жасаған дұрыс.
2. Тапсырманы 100% орындай алмайтынымды байқасам, тез ашуланамын.
3. Мен жұмыс істегенде, барымды салып жатқандай көрінеді.
4. Мәселе туындағанда, шешімді көбіне соңғылардың бірі болып қабылдаймын.
5. Екі күн қатарынан ісім болмаса, мазам қашады.
6. Кейбір күндері менің жетістіктерім орташа деңгейден төмен болады.
7. Өзгелерге қарағанда өзіме қаталмын.
8. Мен басқаларға қарағанда ізгі ниеттімін (мейірімдімін).
9. Қиын тапсырмадан бас тартсам, кейін өзімді қатты айыптаймын, себебі онда табысқа жетерімді білемін.
10. Жұмыс барысында демалу үшін қысқа үзілістер қажет.
11. Ыждағаттылық (ынта) – менің басты қасиетім емес.
12. Еңбектегі жетістіктерім әрдайым бірдей емес.
13. Мені қазіргі айналысып жүрген ісімнен гөрі басқа жұмыс көбірек қызықтырады.
14. Сөгіс (сын) маған мақтаудан қарағанда күштірек әсер етеді.
15. Әріптестерім мені іскер (пысық) адам деп санайтынын білемін.

Опросник «Мотивация к успеху» Т. Элерса

Предлагаем пройти Опросник ***«Мотивация к успеху» Т. Элерса***, чтобы проверить уровень своей мотивации.

Опросник предназначен для диагностики мотивационной направленности личности на достижение успеха.

Степень выраженности мотивации к успеху оценивается количеством баллов, совпадающих с ключом.

Инструкция. Вам предложен 41 вопрос, на каждый из которых надо ответить «да» или «нет».

Вопросы

1. Когда имеется выбор между двумя вариантами, его лучше сделать быстрее, чем отложить на определенное время.
2. Я легко раздражаюсь, когда замечаю, что не могу на все 100% выполнить задание.
3. Когда я работаю, это выглядит так, будто я все ставлю на карту.
4. Когда возникает проблемная ситуация, я чаще всего принимаю решение одним из последних.
5. Когда у меня два дня подряд нет дела, я теряю покой.
6. В некоторые дни мои успехи ниже средних.
7. По отношению к себе я более строг, чем по отношению к другим.
8. Я более доброжелателен, чем другие.
9. Когда я отказываюсь от трудного задания, я потом сурово осуждаю себя, так как знаю, что в нем я добился бы успеха.
10. В процессе работы я нуждаюсь в небольших паузах для отдыха.
11. Усердие – это не основная моя черта.
12. Мои достижения в труде не всегда одинаковы.
13. Меня больше привлекает другая работа, чем та, которой я занят.
14. Порицание стимулирует меня сильнее, чем похвала.
15. Я знаю, что мои коллеги считают меня дельным человеком.
16. Препятствия делают мои решения более

16. Кедергілер менің шешімдерімді нығайта түседі.
17. Менің намысымды (амбиция) ояту оңай.
18. Шабытсыз жұмыс істегенім әдетте бірден байқалады.
19. Жұмыс істегенде өзгелердің көмегіне сенбеймін.
20. Кейде дәл қазір жасауым керек істі кейінге қалдырамын.
21. Тек өзіңе ғана сену керек.
22. Өмірде ақшадан маңызды нәрселер аз.23. Маңызды тапсырма орындауым керек болса, басқа ештеңе ойламаймын.
24. Мен көптеген адамдарға қарағанда аз мақтанамын.
25. Демалыстың соңында жұмысқа шығатынына қуанамын.
26. Ынтам болса, жұмысты басқаларға қарағанда сапалы әрі кәсіби деңгейде орындаймын.
27. Маған табанды еңбек ете алатын адамдармен араласу жеңіл.
28. Қолым бос болса, өзімді жайсыз сезінемін.
29. Маған жауапты жұмысты басқаларға қарағанда жиі орындауға тура келеді.
30. Шешім қабылдау керек болса, оны барынша жақсы етіп жасауға тырысамын.
31. Достарым кейде мені жалқау деп санайды.
32. Менің жетістіктерім белгілі бір дәрежеде әріптестеріме байланысты.
33. Басшының еркіне қарсы тұру – пайдасыз.
34. Кейде қандай жұмыс істеу керек болатынын алдын ала білмейсің.
35. Іс дұрыс жүрмесе, мен шыдамсыз боламын.
36. Мен әдетте өз жетістіктеріме аз көңіл бөлемін.
37. Басқалармен бірге жұмыс істегенде, менің еңбегім жоғары нәтиже береді.
38. Қолға алған істерімнің көбін соңына дейін жеткізбеймін.
39. Жұмысы көп емес адамдарға қызғанышпен қараймын.
40. Билік пен лауазымға ұмтылатындарға қызықпаймын.
41. Дұрыс жолда екеніме сенімді болсам, өзімнің ақиқаттығымды дәлелдеу үшін бәріне барамын.

твердыми.
17. У меня легко вызвать честолюбие.
18. Когда я работаю без вдохновения, это обычно заметно.
19. При выполнении работы я не рассчитываю на помощь других.
20. Иногда я откладываю то, что должен был сделать сейчас.
21. Нужно полагаться только на самого себя.
22. В жизни мало вещей, более важных, чем деньги.
23. Всегда, когда мне предстоит выполнить важное задание, я ни о чем другом не думаю.
24. Я менее честолюбив, чем многие другие.
25. В конце отпуска я обычно радуюсь, что скоро выйду на работу.
26. Когда я расположен к работе, я делаю ее лучше и квалифицированнее, чем другие.
27. Мне проще и легче общаться с людьми, которые могут упорно работать.
28. Когда у меня нет дел, я чувствую, что мне не по себе.
29. Мне приходится выполнять ответственную работу чаще, чем другим.
30. Когда мне приходится принимать решение, я стараюсь делать это как можно лучше.
31. Мои друзья иногда считают меня ленивым.
32. Мои успехи в какой-то мере зависят от моих коллег.
33. Бессмысленно противодействовать воле руководителя.
34. Иногда не знаешь, какую работу придется выполнять.
35. Когда что-то не ладится, я нетерпелив.
36. Я обычно обращаю мало внимания на свои достижения.
37. Когда я работаю вместе с другими, моя работа дает большие результаты, чем работа других.
38. Многое, за что я берусь, я не довожу до конца.
39. Я завидую людям, которые не загружены работой.
40. Я не завидую тем, кто стремится к власти и положению.
41. Когда я уверен, что стою на правильном пути, для доказательства своей правоты я иду вплоть до крайних мер.





Кілт

- «Иә» жауабы үшін 1 балл қойылады келесі сұрақтарға: 2–5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41.
- «Жоқ» жауабы үшін 1 балл қойылады келесі сұрақтарға: 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38 және 39.
- 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 және 40 сұрақтарына берілген жауаптар есепке алынбайды.
- Жалпы ұпай саны шығарылады.

Нәтижені талдау:

- 1–10 балл – жетістікке деген мотивация төмен.
- 11–16 балл – орташа деңгейдегі мотивация.
- 17–20 балл – ортадан жоғары мотивация.
- 21 баллдан жоғары – жетістікке деген мотивация шамадан тыс жоғары.

Зерттеулер көрсеткендей, жетістікке орташа және жоғары бағытталған адамдар орташа деңгейдегі тәуекелді таңдайды. Ал сәтсіздіктен қорқатындар аз немесе керісінше өте жоғары тәуекелді таңдайды.

Адамның жетістікке жету мотивациясы артқан сайын, тәуекелге баруға дайындық төмендейді. Сонымен қатар, жетістікке деген мотивация үмітке де әсер етеді: мотивация жоғары болғанда, үміт әдетте төмендеу болады, ал мотивация әлсіз болғанда – үміт көбірек болады. Жетістікке бағытталған әрі оған үлкен үміт артқан адамдар жоғары тәуекелден қашады.

Жетістікке қатты мотивациясы жоғары әрі тәуекелге дайын адамдар сәтсіз жағдайларға сирек тап болады. Ал керісінше, сәтсіздіктен қашуға (қорғанысқа) жоғары мотивациясы бар адамдардың жетістікке жету мотиві әлсірейді, бұл мақсатқа жетуге кедергі жасайды.

Ключ

- По 1 баллу начисляется за ответ «да» на вопросы: 2–5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41.
- По 1 баллу начисляется за ответы «нет» на вопросы: 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38 и 39.
- Ответы на вопросы 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 и 40 не учитываются. Подсчитывается общая сумма баллов.

Анализ результата:

- от 1 до 10 баллов – низкая мотивация к успеху;
- от 11 до 16 баллов – средний уровень мотивации;
- от 17 до 20 баллов – умеренно высокий уровень мотивации;
- свыше 21 балла – слишком высокий уровень мотивации.

Как показали исследования, люди, умеренно и сильно ориентированные на успех, предпочитают средний уровень риска. А те, кто боится неудач, предпочитают малый или, наоборот, слишком большой уровень риска. Чем выше мотивация человека к успеху – достижению цели, тем ниже его готовность к риску.

При этом мотивация к успеху влияет и на надежду на успех: при сильной мотивации к успеху надежды на успех обычно скромнее, чем при слабой мотивации к успеху. К тому же людям, мотивированным на успех и имеющим большие надежды на него, свойственно избегать высокого риска.

Сильно мотивированные на успех и имеющие высокую готовность к риску реже попадают в несчастные случаи, чем те, кто имеют высокую готовность к риску, но высокую мотивацию к избеганию неудач (защиту). И наоборот, когда у человека имеется высокая мотивация к избеганию неудач (защита), то это препятствует мотиву к успеху – достижению цели.



ПЕДАГОГТЕРГЕ | ПЕДАГОГАМ |

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АКЦЕНТУАЦИЯСЫ

Мінез акцентуациясы ұғымын қарастырайық.

Мінез-құлық акцентуациясы *– мінездің кейбір қасиеттерінің шамадан тыс күшеюі, басқа қасиеттердің есебінен басым болуы. Бұл жағдай адамның белгілі бір психогендік әсерлерге ерекше сезімтал болуына әкеледі*. Ең айқын көрінісі жасөспірім шақта байқалады.

Акцентуациялар әртүрлі деңгейде көрінуі мүмкін. Осыған байланысты ашық және жасырын акцентуациялар ажыратылады. Соңғылары тек экстремалды жағдайларда байқалады. Психопатиялар мен тұлғалық бұзылыстардан айырмашылығы – бұл әрқашан норманың шеткі нұсқалары болып саналады. Уақыт өте келе мінез акцентуациялары айтарлықтай бәсеңдеуі мүмкін. Бұл құбылыстарды түсіну жасөспірімдердің мінез-құлқын қабылдауды және оларға дұрыс көзқарас қалыптастыруды жеңілдетеді.

Бұл типологияның негізін қалаушы К. Леонгард 12 түрлі акцентуация түрін бөліп көрсеткен.

▶ ***Гипертимдік (гипертивті) тип ерекшелігі – көтеріңкі***, өмірге құштар көңіл күймен, сөзшеңдігімен және жоғары энергиясымен сипатталады. Мұндай адамдар әдетте дербес, көшбасшылыққа ұмтылатын, тәуекел мен авантюраны жақсы көретін болып келеді. Олар ескертулер мен жазалауларға нашар жауап береді, жиі рұқсат етілген шекарадан асып кетеді және өзін-өзі сынауға бейім емес. Іскер, қиын жағдайдан жол тауып шыға алады, бірақ қатаң тәртіпке бейімделуі қиынға соғады.

▶ ***Циклоидтық тип ерекшелігі*** – көңіл күйдің көтеріңкі кезеңдері мен тұйық, басыңқы кезеңдерінің алмасуымен сипатталады. Бұл өзгерістер белгілі бір ретпен қайталанып отырады. Көңіл күйі жоғары фазада мұндай адамдар шаттанып, белсенді болып, көп сөйлейді; ал төмен фазада тұйықталып, эмоциялық тұрғыда басылып, ойлау процесі баяулайды.

▶ ***Дистимиялық тип ерекшелігі –*** гипертимдікке қарама-қарсы: көңіл күйі үнемі төмен болып тұрады. Мұндай адамдар жиі мұңды, тұйық, аз сөйлейтін және күмәнді көзқараста болады. Олар үшін шулы ортада болу қиын, сондықтан әріптестерімен жақындасуы сирек кездеседі.

▶ ***Эмоционалды-лабильді тип ерекшелігі –*** көңіл күйінің тез өзгеруімен және сезімталдығының жоғары болуымен сипатталады. Мұндай адамдардың көңіл күйі ұсақ-түйекке байланысты құбылып тұрады. Олар ескертулер мен сәтсіздіктерді ауыр қабылдайды.

АКЦЕНТУАЦИЯ ХАРАКТЕРА

Рассмотрим понятие акцентуация характера.

Акцентуация характера *– чрезмерное усиление отдельных свойств характера в ущерб другим, в результате чего наблюдается избирательная уязвимость в отношении некоторых психогенных воздействий.* Особенно ярко проявляется в подростковом возрасте.

Акцентуации могут быть различной степени выраженности. В зависимости от этого различают явные и скрытые акцентуации. Последние проявляются только в экстремальных ситуациях. В отличие от психопатий и расстройств личности это всегда крайние варианты нормы. С годами акцентуации характера могут существенно сглаживаться. Понимая эти проявления, поведение подростков и подход к ним становится проще и понятнее.

Родоначальник данной типологии К. Леонград выделил 12 типов акцентуации.


▶ ***Гипертимный (гиперактивный) тип*** характеризуется приподнятым, жизнерадостным настроем, разговорчивостью и высокой энергичностью. Такие люди обычно самостоятельны, тянутся к лидерству, любят риск и авантюры. Они плохо реагируют на замечания и наказания, часто переступают границы дозволенного и не склонны к самокритике. Находчивы, умеют выкручиваться, но тяжело переносят строгую дисциплину.

▶ ***Циклоидный тип*** проявляется чередованием фаз приподнятого настроения и периодов подавленности. Эти смены повторяются регулярно. В высокой фазе люди этого типа бурно радуются, активны, много говорят, в низкой – замкнуты, эмоционально подавлены, мышление замедлено.

▶ ***Дистимичный тип –*** противоположность гипертимного: постоянно пониженное настроение. Люди этого типа часто грустны, закрыты, немногословны и пессимистичны. Им тяжело в шумной компании, они редко сближаются с коллегами.

▶ ***Эмоционально-лабильный тип*** проявляется быстрой сменой настроения и повышенной чувствительностью. Настроение колеблется по мелочам. Такие люди болезненно воспринимают замечания и неудачи.

▶ ***Застревающий тип*** отличает длительная задержка на эмоциях и мыслях. Люди «застревают» на переживаниях, не забывают обид, склонны к долгим конфликтам и несговорчивости в работе и быту, при оскорблении могут мстить.



▶ ***Тұйық типтің ерекшелігі –*** эмоциялар мен ойларға ұзақ уақыт «байланып» қалуымен сипатталады. Мұндай адамдар бастан кешкендерін ұмытпайды, реніштерін есінде сақтайды, ұзаққа созылатын жанжалдарға бейім және жұмыс пен тұрмыста келісімге келе бермейді. Қорлық көрген жағдайда кек қайтаруға да бейім болуы мүмкін.

▶ ***Демонстративтік тип ерекшелігі –*** назар аударуға және мақтауға айқын ұмтылысымен сипатталады, олар мақсаттарына кез келген тәсілмен жетуге тырысады: алдаумен, ауруды әсірелеумен, көз жасымен және т.б. Мұндай адамдарға өзін-өзі дәріптеу және артықшылықтарын асыра көрсету тән, олар өз жетістіктерін есте сақтап, қателіктерін тез ұмытады.

▶ ***Белсенді және қарсы әрекет етуші тип ерекшелігі –*** ашуланшақтықпен, агрессивтілікпен және өзін-өзі ұстай алмаушылықпен көрінеді, кейде бұл қасиеттерді жағымпаздық пен қызметшілдік арқылы бүркемелеуі мүмкін. Мұндай адамдар көбіне қақтығыстарға бейім, дөрекілік танытады және бейәдеп сөздер қолдануы ықтимал.

▶ ***Педантикалық тип ерекшелігі –*** оның жоғары ұқыптылығы, тәртіпке деген сүйіспеншілігі, сақтығы және шешім қабылдаудағы сенімсіздігі.

▶ ***Психастеникалық тип ерекшелігі –*** оның мазасыздығымен, көңіл күйінің төмендігімен, ұялшақтығымен және өзіне сенімсіздігімен сипатталады.

▶ ***Экзальтацияланған тип ерекшелігі –*** оның эмоциялық реакцияларының жылдам әрі айқын болуымен, сыртқы оқиғаларға тез алаңдауымен, сөзшеңдігімен және ғашық болуға бейімділігімен сипатталады.

▶ ***Шизоидтық тип ерекшелігі –*** тұйықтықтың айқын үлгісі: олар тек қажеттілік болғанда ғана қарым-қатынас жасайды, өз-өзіне үңілуге және жасырын болуға бейім келеді, өте сезімтал әрі суық мінезді болып көрінеді, тіпті жақын адамдарымен қатынаста да осылай байқалады.

▶ ***Конформдық тип ерекшелігі –*** көпшіл, әңгімешіл адамдар, «бәрі қалай өмір сүрсе, солай» өмір сүретін адамдар. Олардың, әдетте, өздерінің айқын ұстанымы немесе көзқарасы болмайды, қоғамдық пікірге бағынуға бейім.

ТЕСТКЕ СІЛТЕМЕ: HTTPS://PSYTESTS.ORG/ACCENT/DTLA.HTML

▶ ***Демонстративный тип*** – выраженное стремление к вниманию и похвале, желание добиваться целей любыми способами: обманом, драматизацией болезни, слезами и т. п. Для них характерна манерность, самовосхваление и преувеличение достоинств, они помнят свои достижения и быстро забывают проступки.

▶ ***Активный(реактивный) тип*** проявляется раздражительностью, агрессивностью и несдержанностью, которые иногда маскируются лестью и услужливостью. Склонны к конфликтам, грубости и нецензурной брани.

▶ ***Педантичный тип*** отличается повышенной аккуратностью, любовью к порядку, осторожностью и нерешительностью.

▶ ***Психастенический тип*** характеризуется тревожностью, пониженным настроением, робостью и неуверенностью в себе.

▶ ***Экзальтированный тип –*** быстрые и яркие эмоциональные реакции, высокая отвлекаемость на внешние события, словоохотливость и склонность к влюбчивости.

▶ ***Шизоидный тип –*** образец замкнутости: общаются только по необходимости, склонны к самоуглублению и скрытности, ранимы и холодны в отношениях, даже с близкими.

▶ ***Конформный тип –*** очень общительные, разговорчивые люди, которые живут, «как все»: у них обычно нет собственной четкой позиции или точки зрения, они склонны подчиняться общественному мнению.

ССЫЛКА НА ТЕСТ: HTTPS://PSYTESTS.ORG/ACCENT/DTLA.HTML




ШЕКТЕН ТЫС ҚАМҚОР АТА-АНАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

	ШАМАДАН ТЫС БАҚЫЛАУ	БЕЛГІЛЕҢІЗ: ИӘ / ЖОҚ
1	Аптасына бірнеше рет баланың үй тапсырмасын, бағаларын тексеремін.	
2	Баланың тұрмыстық мәселелерін өзім шешемін (не кию, не жеу, кіммен араласу).	
3	Үйден шығуын, достарымен кездесуін «сақтық үшін» шектеймін.	
4	Бала бір нәрсені өзі істегісі келгенде де, үнемі кеңес беріп, нұсқау жасаймын.	
5	Телефонды, әлеуметтік желілерді бақылап, хат-хабарларын немесе контентін қараймын.	
6	Баланың бос уақытын, хоббиін өзім жоспарлаймын, сондықтан оның таңдауы қалмайды.	
7	Мектептегі, сыныптан тыс жанжалдарға бала өзі шешіп көрмей тұрып араласамын.	
8	Барлығын сақтандырамын: кешігуден бастап, мүмкін болатын сәтсіздіктерге дейін, кез келген тәуекелді алдын ала болдырмаймын.	
9	Бала қателік жіберсе, қатты мазасызданамын немесе ашуланамын.	
10	«Егер мен істемесем, ешкім істемейді» деп ойлаймын және мұғалімдерге, жаттықтырушыларға сенбеймін.	
11	Баланың қауіпсіздігі үшін үнемі алаңдаймын, әр сағат сайын оның қай жерде екенін қосымшалар арқылы тексеремін.	




ПРИЗНАКИ ГИПЕРОПЕКАЮЩЕГО РОДИТЕЛЯ

ПРИЗНАКИ ГИПЕРОПЕКИ	
1 Несколько раз в неделю проверяю домашние задания, оценки ребенка.	
2 Решаю за ребенка бытовые вопросы (что надеть, что кушать, с кем общаться).	
3 Ограничиваю выходы из дома, встречи с друзьями «на всякий случай».	
4 Постоянно даю советы и наставления, даже когда ребенок просит сам сделать что-то.	
5 Контролирую телефон, соцсети, читая переписки или просматривая контент без объяснений.	
6 Планирую досуг и хобби ребенка так, что у него не остается выбора.	
7 Вмешиваюсь в школьные, внеклассные конфликты прежде, чем ребенок попробует решить их сам.	
8 Страхую все: от опозданий до возможных неудач, заранее предотвращаю любой риск.	
9 Реагирую сильной тревогой или гневом, если ребенок совершает ошибку.	
10 Чувствую, что «если не я, то никто», и не доверяю педагогам, тренерам.	
11 Нахожусь в постоянной заботе о безопасности ребенка, проверяю его местонахождение через приложения каждый час.	




ШЕКТЕН ТЫС ҚАМҚОР АТА-АНАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

ШАМАДАН ТЫС БАҚЫЛАУ	БЕЛГІЛЕҢІЗ: ИӘ / ЖОҚ
12 «Осылай тыныш болады» деп баланың жоспарларын жиі тоқтатамын.	
13 Таңдауына қарай бала не сыйлық алады, не бір нәрседен айырылады.	
14 «Мен жақсы білемін», «Уайымдама, бәрін мен істеймін», «Сен әлі кішкентайсың» деген сияқты сөздерді жиі айтамын.	
15 Баладан шексіз алғыс пен тәртіпке бағынуды күтемін, ал олай болмаса сынаймын.	
16 Баланы жалғыз жіберуге қорқамын, тіпті физикалық бақылау жасаймын (қолынан ұстап жүру, әр жерге бірге бару).	
17 Туыстар мен достар мені «тым қамқор, бақылаушы» деп айтады.	
18 Бала көбірек еркіндік сұраса, оған рұқсат бермеймін.	
19 Бала менің жағымсыз реакциямнан қашу үшін жиі ақпаратты жасырған немесе алдаған жағдайлар болады.	



ПРИЗНАКИ ГИПЕРОПЕКАЮЩЕГО РОДИТЕЛЯ

ПРИЗНАКИ ГИПЕРОПЕКИ	ОТМЕТЬТЕ ДА / НЕТ
12 Нахожусь в постоянной заботе о безопасности ребенка, проверяю его местонахождение через	
13 Дарю или лишаю чего-то за проявление самостоятельности.	
14 Говорю фразы вроде: «Я знаю лучше», «Не переживай, я все сделаю», «Ты еще маленький / маленькая».	
15 Ожидаю, что ребенок будет бесконечно благодарен, послушен, и критикую, если это не так.	
16 Испытываю страх отпускать ребенка одного вплоть до физического контроля (держать за руку, везде сопровождать).	
17 Родные, друзья говорят, что я «слишком опекающий, контролирующий».	
18 Ребенок просит больше свободы, но я отказываю ему в этом.	
19 Ребенок часто скрывает от меня информацию или обманывает, чтобы избежать моей негативной реакции.	



ШЕКТЕН ТЫС ҚАМҚОР АТА-АНАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

НӘТИЖЕЛЕРДІ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕУ КЕРЕК?

0-4 қамқорлыққа бейімділік бар, бірақ ол бақылауда.

5-9 орташа қамқорлық – сенімді нығайту және баланың еркіндігін дамытуға жұмыс жасау қажет.

10-14 артық қамқорлық – баланың дамуына кедергі келтіреді, мінез-құлық пен қарым-қатынасты өзгертетін уақыт келді.

15-20 шектен тыс қамқорлық – баланың психологиялық және мінез-құлықтық мәселелеріне әкелу қаупі жоғары, маманның көмегіне жүгіну ұсынылады.

ШЕКТЕН ТЫС ҚАМҚОРЛЫҚ КЕЗІНДЕ БАЛА ӨЗІН ҚАЛАЙ

- ✔ Мәселелерді шешуді және еркін шешім қабылдауды үйренбейді.
- ✔ Ата-анаға тәуелділік пайда болады.
- ✔ Өзіне деген сенімділігі азаяды.
- ✔ Құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар туындайды.
- ✔ Мазасыздық немесе жасырын агрессия пайда болады.
- ✔ Қатаң бақылаудан қашу үшін алдау, фактілерді жасыру байқалады.



НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Баланың өміріндегі бір саланы (мектеп, достар, бос уақыт, әлеуметтік желілер) таңдап, 48 сағатқа бақылауды саналы түрде тоқтатыңыз.

Әр «көмектесемін» деген ниеттен бұрын өзіңізге 3 сұрақ қойыңыз:

«Бір кеңес ережесін» енгізіңіз – бала сұрамаса, әңгімеде бір ғана конструктивті нұсқау немесе қызықты ұсыныс жасаңыз.

Баладан көбірек еркіндік алғысы келетін бір іс-әрекетті немесе әрекетті атауын сұраңыз.

ПРИЗНАКИ ГИПЕРОПЕКАЮЩЕГО РОДИТЕЛЯ

КАК ПОДСЧИТАТЬ И ИНТЕРПРЕТИРОВАТЬ РЕЗУЛЬТАТЫ?

0-4 склонности к опеке есть, но они контролируемы.

5-9 умеренная опека – стоит работать над укреплением доверия и развитием самостоятельности ребенка.

10-14 сильная опека – мешает развитию ребенка, пора менять поведение и отношение.

15-20 выраженная гиперопека – риск психологических и поведенческих проблем у ребенка, рекомендуется помощь специалиста.

ЧТО ПРОИСХОДИТ С РЕБЕНКОМ ПРИ ГИПЕРОПЕКЕ?

- ✔ Не учится решать проблемы и принимать самостоятельные решения.
- ✔ Меньше уверенности в себе.
- ✔ Тревожность или скрытая агрессия.
- ✔ Склонность к зависимости от родителя.
- ✔ Затруднения во взаимоотношениях с ровесниками.
- ✔ Обман, скрытие фактов, чтобы избежать жесткого контроля.



ЧТО ДЕЛАТЬ?

Выберите одну сферу жизни ребенка (школа, друзья, досуг, соцсети) и сознательно отпустите контроль на 48 часов.

Перед каждым желанием «помочь» задайте себе 3 вопроса.

Введите правило одного совета – не более одного конструктивного указания или интересного предложения в разговоре, если ребенок не просит больше.

Попросите ребенка назвать хотя бы одно занятие или действие, в которых он хочет иметь больше свободы.

ӨРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
БАС РЕДАКТОР / ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
Е. Н. Сакенова

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ
Р. Ф. Кудякова
А. М. Саликова
И. В. Калачева
Б. К. Кудышева, п. ғ. к., к. п. н.
М. К. Таипова, п. ғ. к., к. п. н.
Г. Б. Омарова, п. ғ. к., к. п. н.
А. Х. Мухтаров, филол. ғ. к., к. филол. н.

ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ
ДИЗАЙН И ВЕРСТКА
М. М. Салехи
Фото freepik.com
Фото unsplash.com
ИИ изображения gemini.google.com

РЕДАКТОР-КОРРЕКТОР
Е. М. Песина
С. Е. Нурахметова

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,
Дарын-1 ықшамауданы, 47/5 үй
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
Республика Казахстан, 050000, г. Алматы,
Бостандыкский район, мкр. Дарын-1, д. 47/5
НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН»

ЖУРНАЛДЫҢ МЕНШІК ИЕСІ
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА
НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН»

ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ЖИІЛІГІ
Ай сайын

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ВЫПУСКА ЖУРНАЛА
Ежемесячный

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің 2024 жылғы 15 наурызда берген № KZ52VPY00089109 тіркеу куәлігі
Регистрационное свидетельство № KZ52VPY00089109 от 15 марта 2024 года выдано Комитетом информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

Деректердің дәлдігі мен ақпараттың сенімділігі үшін материал авторлары жауапты.
За точность фактов и достоверность информации ответственность несут авторы материалов.